AIQYN

СӘРСЕНБІ
№23 (4075)
16.02.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ПРЕЗИДЕНТ МАРАТ АХМЕТЖАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжановты қабылдады.

Президентке агенттіктің 2021 жылы атқарған жұмыстарының нәтижелері мен тексеріліп жатқан қылмыстық істер туралы баяндалды.

Марат Ахметжанов Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жоспарын таныстырды.

Қазір Парламентте заңсыз байығаны үшін жауапкершілік енгізу және сыбайлас жемқорлықты әшкерелеушілерді қорғау жүйесін қалыптастыру мәселелеріне қатысты заң жобасы қарастырылып жатыр. Бұл норма мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстарын бақылауға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сыбайлас жемқорлықпен күрес тұжырымдамасын жүзеге асыруға барлық мемлекеттік орган тартылатыны туралы мәлімет берілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты қабылданып жатқан шаралардың толық атқарылуы бойынша әр ведомствода жауапты адамдар бекітіледі.

Мемлекет басшысы тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін ұсынылған тәсілдерді қолдап, агенттіктің осы бағыттағы үйлестіруші рөлін күшейтуді тапсырды. Президент бұл жұмысты ерекше бақылауға алды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға, қылмыс тәсілдерін әшкерелеуге және жемқорларды жауапкершілікке тартуға бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

Соттың құзыреті қандай болмақ?

Қазақ елінде жүріп жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңғырулар жаңа сот жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Биліктің бұл тармағы түбегейлі реформаларды бастан өткеріп жатыр. Келесі 2023 жылы Жоғарғы Сот кейбір құзырынан айырылуы мүмкін. Сонымен бірге бұрыннан біте қабысқан, ым-жымы бір судьялар қатарына заңгерлер, адвокаттар, құқықтанушылар және басқа мамандар араласып жатыр. Енді би болу үшін судья өтілінің болуы да қажет емес. Салада қандай өзгерістер жүруде, тағы не күтіледі?

ЖАҢА СОТТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕДЕ?

«Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін өткен жиындарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесі тұйық судай тоқтап қалмайтынын, терең өзгеріске түсетінін білдірді. Мысалы, 1 ақпандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте ел Президенті соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. Жаңа Қазақстанда «талапқа сай келмейтін судьяларға орын болмауы тиіс».

3 ▸▸

Айыппұлдың жүгі ауыр

Қазақстанда жүргізушілер Жолда жүру ережесін бұзғаны үшін ТМД елдері ішінде ең көп айып төлейді, оның мөлшері тіпті бірқатар Еуропа мемлекеттерінен де асып кеткен. Бірақ біздің өмір сүру деңгейіміз Еуропадағыдай емес. Алайда айыппұл көлемін арттыра беру заңбұзушылықтың санын қысқарта ма?

4 ▸▸

Субсидия жыры

Жыл басында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет үш өңірде – Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы мен Маңғыстау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының шенеуніктері ұсталғанын хабарлаған еді. Үш бірдей өңірден ұсталған шенеуніктерге қандай айып тағылып отыр?

4 ▸▸

Украина төңірегіндегі жағдайды жіті бақылап отыр

«Әрине, Президент Украина төңірегіндегі жағдайды жіті бақылап отыр. Бұл мәселе Владимир Путинмен өткен кездесуде талқыланды.

Мемлекет басшысы келіссөз қорытындысы бойынша «жақсы жанжалдан жаман болса да бітім артық» екенін айтты. Басқаша айтқанда, ымыраға келу үшін нәтижелі дипломатиялық келіссөздердің жалғасқанын жақтайды. Президенттің айтуынша, еуразиялық қауіпсіздіктің бөлінбеушілік қағидатын ұстанған жөн, оның үстіне бұл қағидат 2010 жылы қабылданған ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы мәтініне де енгізілген», – деді Берік Уәли Tengrinews.kz тілшісінің сұрағына жауап беріп.

Абзал Әжіғалиевке қолдау жеделхатын жолдады

Президент «Бейжің-2022» XXIV қысқы Олимпиада ойындарының қатысушысы Абзал Әжіғалиевті қолдап, жеделхат жолдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

– Қазақстандықтар өзіңнің «Бейжің-2022» XXIV қысқы Олимпиада ойындарында көрсеткен өнеріңді асқан қызығушылықпен тамашалады. Олимпиаданың ашылу салтанатында көк Туды желбіретіп алып шықтың. Өз жанкүйерлеріңнің сенімін ақтап, шорт-тректен 500 метрге жүгіруде финалдық бәсекеге дейін жетіп, нәтижесінде 4-орын иелендің. Бұл осы спорт саласы бойынша жоғары көрсеткіш екені анық, – делінген Мемлекет басшысының жеделхатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыға дүбірлі додада нағыз ерік-жігер көрсеткені және жеңіске деген ұмтылысы үшін алғыс айтты. Сондай-ақ оның алдағы уақытта үлкен жетістіктерге жетіп, отандастарымызды қуанта беретініне сенім білдірді.

Ана мен баланың ажалына араша бар ма?

Шырылдап дүние есігін ашқан шақалақ жасқа жетпей жарық әлеммен қоштасатын болса, перзентханаға үлкен үмітпен барған ана үйіне қайтып оралмаса, бұдан артық қасірет бар ма? Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бойынша, Қазақстан ана өлім-жітімі санынан әлемде 42-орында, ал бала өлімі бойынша 79-орында.

5 ▸▸

Төлебиде тау шаңғысы барын білесіз бе?

Оңтүстіктің жазы ұзақ, қысы қысқа. Сондықтан болса керек, жазғы демалыс орындары көптеп кездеседі. Ал өңірдің таулы аймақтарындағы тұнып тұрған табиғат туризмге сұранып-ақ тұр. Әсіресе, Төлеби ауданының тау жоталары мен қыраттарының салқын самалы қаланың қапырық ауасынан қашқандарға пана болып келеді.

Шымкент қаласынан бар-жоғы 45 шақырым қашықтықта орналасқан Түркістан облысына қарасты Төлеби ауданындағы Батыс Тянь-Шань тауының етегіндегі демалыс аймақтарының қатары жылдан-жылға артып келеді. Бүгінде мұнда ине шаншар артық жер жоқ. Соңғы жылдары демалушылар қарасының көптігі сонша, алдын ала тапсырыс бермей бара қалсаңыз, 500-ден аса демалыс орнынан бос орын таппайсыз. Бұл демалыс орындары болашақта өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартады деп жоспарланған. Сондықтан қысқы демалысқа да көңіл бөлініп, 2003 жылдары таудың ең биік шыңына шаңғы базасы салынды. «Алатау» тау шаңғы базасы аудан орталығынан 25 шақырым қашықтықтағы «Тау Самалы» шатқалында орналасқан. Шаңғы жолының ұзындығы – 1 300 метр. Бір мезетте 1 000-нан астам адамды қабылдауға мүмкіндігі бар тау шаңғы базасының бүгінгі халі қандай?

(Жалғасы 7-бетте)

Көпбалалы аналардың дауы...
Масылдық па, мұқтаждық па?

Астанада өртенген үйде қалып қойған бес қыз баланың қазасынан кейін бізде билік санасатын топ пайда болды. Ол – көпбалалы аналар. Оның ішінде аядай жерде пәтер жалдап, мүгедек баласын тәрбиелеп отырған көмекке мұқтаж көпбалалы аналардың бары анық. Бірақ басында үйі, астында көлігі бар, төрт құбыласы түгел бола тұра Үкіметтен жәрдемақы, азық-түлік, тегін үй талап ететіндері де жоқ емес. Сонда бұл мұқтаждық па, әлде масылдық па?

5 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Бірнеше кәсіпорын жұмысын тоқтатты

Маңғыстау халқына үндеу жолдаған өңір басшысы Нұрлан Ноғаев Жаңаөзен қаласындағы бірнеше кәсіпорын жұмысын тоқтатқанын хабарлады.

Облыс әкімінің айтуынша, жалақыны көтеру мәселесін Жаңаөзен қаласына іссапармен келген «Қазмұнайгаз» компаниясының басшысы Алик Айдарбаев өз бақылауына алған. Қаладағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша облыс әкімінің бірінші орынбасары Абзал Меңдібаев бастаған арнайы комиссия жұмыс жүргізіп жатыр. Нұрлан Асқарұлы облыс тұрғындарын сабыр сақтауға шақырып, көтерілген мәселерді шешуге уақыт қажеттігін айтты.

Қазір Жаңаөзен қаласындағы шағын және орта бизнес нысандары қосымша 50 жаңа жұмыс орнын ашуға міндеттеме алған. Мұнан бөлек, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы қысқа мерзімде Жаңаөзен қаласының 150 жұмыссыз азаматын жұмысқа орналастырмақ. Тағы 150 тұрғынды сервистік мекемелерге жұмысқа қабылдауды жоспарлаған.

Ш.АТЫХАНҰЛЫ

«Камерад» қару-жарақ дүкені қалай тоналды?



Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Қаңтар оқиғалары кезінде болған ірі қылмыстардың бірінің қалай жүзеге асырылғаны әшкереленді. Тергеушілерге Алматыдағы «Камерад» қару-жарақ дүкені қалай тоналғанын тонаушылар айтып берді. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады. Осының алдында аталған қылмысқа қатысы бар деген күдікпен үш адам ұсталды. Олардан 5 мылтық тәркіленді.

– Екі күдікті Алматы облысының, тағы біреуі Жамбыл облысының тұрғындары. Олардың бірі бұрын тонау бойынша сотталған. Алматы облысының Қарасай ауданы аумағында арнайы іс-шара барысында екі күдікті ұсталды. Тағы бір күдікті Алматы қаласының Достық даңғылындағы сауда үйінде тұтқындалды. Олар қамауға алынды. Ұсталғандардың басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысы бар-жоғы тексеріліп жатыр, – деді Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары Берік Әбілбеков.

Ұсталғандар қару-жарақ дүкенін тонауды өздері танымайтын, белгісіз адамдардың бұйрығымен орындағанын бірауыздан айтыпты.

«Бір бейтаныс жігіт көлігіме отырып, Шаляпин мен Саин көшелеріне баруымды бұйырды. Мен бардым. Тонаудан кейін бұл адам жоғалып кетті. Оның кім екенін, қайда кеткенін білмеймін», – деді ұсталған күдікті. «Біз көп болдық. Ұрланған қаруды мен тығып қойдым», – деді кезекті ұсталған күдікті. Анықталғандай, ұсталғандардың үшеуі де басқа жақтан келгендер екен. Алматыда тұрақты жұмыстары жоқ, кездейсоқ жұмыстармен күн көреді.

Ерік ЕРДЕНОВ

«Қазақстандықтар» қолға түсті

Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі бірлесіп, «Қазақстандықтар» ұйымдасқан қылмыстық тобының жетекшілерін ұстады. Топ құрамы Алматы облысы мен Алматы қаласындағы бұрынғы спортшылар мен сотталған адамдардан жасақталған.

Оның 6 мүшесінің Алматы өңірі аумағындағы көптеген қылмысқа қатысы бар. Күдіктілерді ұстау және тұрғылықты жерлерін тінту барысында 4 бірлік атыс қаруы, 177 оқ-дәрі, 7 граната, арнайы құралдар, қаңтардағы бұзақылыққа қатысқандарын растайтын заттар тәркіленді. Ұсталғандар ҚАЖД 8-ТИ және ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің тергеу изоляторларына қамалды.

Тергеу барысында ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері қару-жарақтар жасырылған қойманы көрсетіп берген. Тінту кезінде аталған қоймаларда 44 бірлік атыс қаруы және 3 бірлік суық қару, сондай-ақ 20 бірлік оқ-дәрі алынды.

Ш.КҮЗЕКБАЙ

Крандардың қауіпсіздігін қадағалайды

Таугүл-1 шағынауданында құрылыс алаңындағы қайғылы оқиғадан кейін Алматы қаласындағы крандарды тексеретін жұмыс тобы құрылған.

Қала әкімдігінің хабарлауынша, шаһарда 238 мұнаралы кран бар. Оның 219-ы құрылыс нысанында орнатылған.

Сондай-ақ қала әкімдігі таратқан баспасөз хабарламасында, құрылыс алаңындағы оқыс оқиға кезінде қаза тапқан кран машинисі өліміне тергеу комиссиясы құрылғаны айтылған.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Күрделі сынықтарды емдейтін бірегей гидрогель



Ұлттық биотехнология орталығының ғалымы Вячеслав Огай бағаналы жасушаларды қолдану арқылы күрделі сынықтарды қалпына келтірудің бірегей технологиясын жасап шығарды. Ол сынықтар мен зақымдалған тізе буындарын емдеуді жеделдететін гидрогель ойлап тапты.

Арнайы технологияның арқасында операциядан кейін 3-6 ай ішінде сүйек және шеміршек тіндері қалпына келеді. Клиникаға дейінгі сынақтардың нәтижелері препараттың тиімділігі жоғары екенін растады.

«Сүйек ақауларын толықтай қалпына келтіру травматология мен ортопедиядағы күрделі және шешілмеген мәселелердің бірі болып қала береді. Емдеу үшін сүйек алмастырғыштарын қолдана отырып, остеопластиканың әртүрлі әдістері жиі қолданылады. Бірақ бұл операцияның нәтижесінде сүйек әрдайым толық қалпына келмейді. Біз сүйек ақауларының толық қалпына келуіне ықпал ететін технологияны жасадық. Бағаналы жасушалар мен табиғи биополимерлер зақымдалған сүйек немесе шеміршек тіндерін қалпына келтіру процесін жеделдетеді», – деді әзірлеме авторы, Ұлттық биотехнология орталығының бағаналы жасушалар зертханасының меңгерушісі, профессор Вячеслав Огай.

Ғалымның айтуынша, гидрогельдер сүйек тінін жасауда қаңқа ретінде қолданылады. Құрылымында олар дәнекер тінінің негізіне ұқсас, сондықтан барлық биоматериалдар арасында жасуша трансплантациясы үшін ең қолайлы.

Қазір алғашқы операцияларды бағаналы жасушалар негізінде гидрогель арқылы жүргізу жоспарланып жатыр. Күрделі сынықтар мен зақымдалған буындарды қалпына келтірудің бірегей технологиясы травматология мен ортопедияда көрсетілетін медициналық қызметтердің деңгейін айтарлықтай арттырады деп күтіліп отыр. Препарат мамандандырылған ауруханалар мен ғылыми медициналық орталықтарда қолданылады.

А.СҰЛТАН

Жаңа Қазақстан. Тендер

Мемлекеттік сатып алу саясатына қандай реформа керек?

Мемлекеттік сатып алу көзінің көлеңкелі тұсы көп. Ауқымды қаржы айналымы жүретін мемлекеттік органдар мен алып компаниялардың сайтында сатып алуға қатысты толыққанды ақпарат жоқ. Болары болып, бояуы сіңген соң жұрт сатып алулардың өтпей қалғанын, жеңімпаз анықталмағанын, кейде мақсатсыз жұмсалған қаржының көптігінен біледі. Ал сатып алу өтпесе қызметтерді атқарған компанияға қатысты күмән туады. Сол үшін қыруар қаржының тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алу саясатындағы көлеңкелі істерге тоқтам болатын реформа ауадай қажет.

ПІКІР

Бақтыбай ШЕЛПЕКОВ, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі, сенатор:

– Бізге алдымен мемлекеттік сатып алуға қатысты заңның өзін біріктіру керек. Қазір «Самұрық-Қазына» АҚ секілді квазимемлекеттік сектордың сатып алуы туралы бөлек заңы бар. Мүддеге жұмыс істеу мақсатымен түрлі сылтаумен сол заңды жасады. Бірінші кезекте сол екі бөлек заңды бір заң қылу керек. Бір заңның аясында мемлекеттік сатып алу саясаты жүргізілуі тиіс. Квазимемлекеттік сектор болса да, ол мемлекеттің ішінде жұмыс істеп отырған мекеме. «Қазмұнайгаз», KEGOC, «Қазақтелеком», ҚТЖ-ның сатып алу саясаты құпия болмауы керек. Кезінде біз қарсы болдық. Бірақ Үкіметтің қолдауымен шала заң өтіп кетті. Сол заң бізге келгенде бір көзден сатып алуды 80-90 пайызға жеткізген. Шуылдап жүріп түсірдік. Енді қазір квазимемлекеттік сектордың жұмысы майшаммен қаралып жатыр. Бұл – өте маңызды. Бұл мекемелердің жұмыс істеуі жіті тексеріліп, қаншалықты пайда әкеліп жатқаны туралы ақпарат ұдайы көрсетіліп отырғаны дұрыс.

Тағы бір мәселе, сатып алу заңы бөлек болған соң Парламенттің қарауына келетін мемлекеттік бюджетте квазимемлекеттік сектордың бюджеті келмейді. Бірақ ол жерде ауқымды қаражат айналымы жүреді. Шынын айтайын, мемлекеттік бюджетті қараудың өзі ойдағыдай емес. Аз уақыт беріледі, сосын бюджетті өзгертуге өкілеттілігіміз жетпейді. Себебі алдын ала жоспарланып келеді. Бюджет шығыстары газ бен су секілді халықтың күнделікті әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты емес, имиджді көтеретін алып ғимараттарды салуға қатысты келеді. Ал бөлінген қаражаттың есебін алу да біздің емес, Есеп комитетінің жұмысы. Шетелде депутаттар мен қоғам белсенділері кіретін арнайы комиссия құрылып, мемлекеттік бюджеттің бір тиыны қайда кетіп жатқанын тексеру үшін сатып алу саясатын барынша ашық қылып отыр.

Жанат НҰРҒАЛИЕВ, қаржы сарапшысы, INTEGRITY ASTANA коммерциялық емес ұйымының басшысы:

– Мемлекеттік сатып алу саясатындағы өзгеріс бір көзден сатып алуды қысқартудан басталу керек деп санаймын. Содан кейін мемлекеттік сатып алу сайтында әрбір мемлекеттік орган жеткізушілерінің рейтингі шығарылып, жыл сайын кімнен сатып алынатыны ашық түрде берілгені дұрыс. Әйтпесе, қазіргі қолданыстағы жүйе бойынша жеткізушілер жыл сайын бір мекеме болады. Бұдан бөлек, күш құрылымдарының әкімшілік сатып алулары туралы ақпарат қолжетімді болуын қарастыру керек. Мысалы, қазір ҰҚК, Қорғаныс министрлігі мен Ішкі істер министрлігі не сатып алып жатқанын ешкім білмейді. Бұл ақпарат мемлекеттік сатып алу порталында қолжетімді болуы қажет. Ал сайттың өзін барынша автоматтандыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Мемлекеттік сатып алу саясатында адами факторды мейлінше азайту маңызды. Мәселен, тендер ойнатылғанда адами фактордан қарағанда автоматты жүйенің жұмысын жандандыру қажет. Тендер ойнатылғанда қаржы көлемі бойынша да шектеу болса, егер маркетингтік бағадан асып кетсе, жүйе мемлекеттік сатып алуды ары қарай жібермеу керек.

Одан кейін шығын материалдарын оңтайландыру маңызды. Оны бақылап, тексеретін қоғамдастық сарапшылар қарастырылғаны дұрыс. Себебі қазір әрбір салада мақсатсыз және негізсіз құрылған шығындар көп. Ал оңтайландыруды жасау үшін бізге ашық ақпарат керек. Дәл қазір бюджет саясатын жүргізуде егжей-тегжейлі берілген ақпарат көзін көріп тұрған жоқпыз. Бюджеттік процесс бойынша бір сайт жұмыс істеу керек. Және сол сайтта бюджет қаржысын жоспарлағаннан бастап ақпарат берілуі тиіс. Онымен бірге жоспарланған қаражатпен бірге алдыңғы жылдардың статистикалық деректері де қоса берілгені жөн. Әрбір бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығын көлемін анықтап оңтайландыру бойынша жоспарын бергеннен кейін іс-шаралардың көрсеткіштері жоқ болса, шығындарды оңтайландыру бөлігінен алып тастау керек. Әрбір аймақтағы кіріс реформасына да тиімді реформа керек. Облыстар республикалық бюджеттен триллиондап трансферт алады. Бірақ аймақтардың кіріс жүйесі өте төмен. Мысалы, Түркістан облысының кірісі 10 пайызға да жетпейді. Қазір осы облыстың бюджеті 1 триллионға жетіп отыр. Сол үшін ешқандай жеке кіріс болмаса, оларға трансферт бөлуді қысқарту керек. Өйткені қызығушылық жоқ. Өңірде даму көрсеткіші болмаса, кіріс жүйесін дамытуға көңіл бөлінбесе үлкен соманы беруді доғарған дұрыс. Олар белгілі бір деңгейде талап болмаған соң бюджетке арқа сүйеуге үйреніп алады. Республикалық бюджетке алақан жаюға әдеттеніп кетеді.

Дайындаған Жадыра МҮСІЛІМ

Жоспар жүзеге асып жатыр

«Nur Otan» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Кеңес төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, жиын модераторы Абдолла Идрисов күн тәртібіндегі негізгі мәселені атап, өзге де қаралатын тақырыптарды таныстырды.

Бірінші кезекте партияның сайлауалды бағдарламасының 1-2-тармақтарына қатысты мәселе көтерілді. Яғни, мұнай көлемін 2022 жылы 43 млн тоннаға дейін жеткізу және мұнай-химия өндірісі көлемін 2020 жылғымен салыстырғанда 19,7%-ға ұлғайту жұмыстары сараланды. Сонымен қатар Теңіз кенішіндегі үшінші жоба құрылысына қатысты жергілікті үлесті арттыруға және тауар өндірушілерді қолдау бағытындағы жұмыстарды жүргізуге қатысты пікір алмасып, талқылады.

Күн тәртібіндегі алғашқы екі мәселелер бойынша облыстық Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының бөлім басшысы Ақбөбек Шарғабаева баяндама жасап, атқарылған жұмыстар мен күтілетін нәтижелер туралы сөз қозғады. Ал ірі кен орындарының бірі саналатын «Теңіз» тақырыбына қатысты «Консолидейтед Контрактинг Инжиниринг & Прокьюрмент С.А.Л.» офшор компаниясының атқарушы директоры Орақ Бисембиев, «Сенімді құрылыс» ЖШС бас директорының орынбасары Жазира Қалиева, «Велестрой» ЖШС бас директорының орынбасары Марко Босич баяндама жасады.

Тақырыптар кеңінен талқыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Айтылған мәселелерді жұмыс барысында ескеру туралы тараптар да атап өтті.

Жиын соңында модератор А.Идрисов депутаттарды белсенді жұмыс істеуге шақырып, кеңес отырысын қорытындылады

.

Би-Барыс КӨКШЕ

Партия қатары толыға түсті

«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі, Павлодар облыстық мәслихатының депутаты Илья Теренченконың төрағалығымен фракцияның осы жылдағы бірінші кезекті отырысы өтті. Күн тәртібіне сәйкес, отырыста бірнеше мәселе талқыланды.

Өткен жылы Павлодар облысының қалалық және аудандық мәслихаттарында әртүрлі себепке байланысты, 4 депутаттық орын босады. Бос орындарға резервте тұрған депутаттардың кандидатуралары қаралды. 2020 жылы резервте тұрған барлық депутат праймеризге қатысып халыққа сайлауалды бағдарламасын ұсынған еді. Осы жылы резервте тұрған депутаттар жастар арасынан іріктеліп, таңдалды. Екібастұз қалалық мәслихатының депутаты ретінде Арман Амургалиновтың, Баянауыл аудандық мәслихатына Самат Мақажанов пен Айдос Дәулеттің, Теренкөл ауданының мәслихатына Мұрат Базарбаевтың кандидатурасы ұсынылды. Кандидаттар партияның орталық аппаратымен келісілді және бекітілді. Енді депутаттыққа кандидаттар Орталық сайлау комиссиясына тіркеуге ұсынылады.

Екінші мәселе бойынша «Өңірлік даму жөніндегі» қоғамдық кеңестің төрағасы Динара Айтжанованың, «Жастарды қолдау жөніндегі» кеңестің мүшесі Санира Жүсіпованың, «Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі» кеңестің төрағасы Марина Стрелковскаяның қоғамдық кеңестердің 2021 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды.

Биыл 11 ақпанында партияның атқарушы хатшысы Асхат Ораловтың төрағалығымен кеңес өтіп, онда бірқатар тапсырма берілген болатын. Өздеріңіз білетіндей, ел Президенті партия съезінде сөйлеген сөзінде қаңтардағы қайғылы оқиғалар туралы, соның ішінде жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі мәселесінде елеулі олқылықтар бар екені туралы атап айтты. Партия осы санаттағы жұмысты қайта форматтап, жастарды қолдау жөніндегі облыстық қоғамдық кеңестің жұмысын күшейтіп, 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын қайта қарауы қажет. Осыған орай Жастарды қолдау жөніндегі кеңестің төрағалығына облыстық мәслихаттың депутаты Серік Жартыбаевтың кандидатурасы ұсынылды. Депутаттық фракция мүшелері кандидатты бірауыздан қолдап, қоғамдық кеңестің төрағасы ретінде сайланды.

«Жастарды қолдау жөніндегі кеңестің алдына «Jas Otan» жастар қанатымен бірлесіп, әсіресе ауылдық жерлерде жастармен өзара ынтымақта әрекет етуге барынша күш саламын. Жастар қанатының қатарында тұрған жандармен жан-жақты жұмыс істеп, жастар арасында беделге ие көшбасшылар пулын қалыптастыруды және жас депутаттар корпусының әлеуетін пайдалануды міндетіме аламын»,— деді Илья Теренченко.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша, Павлодар облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Ирина Назарчук «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол карталары индикаторлары бойынша баяндама жасады.

Отырыс соңында Илья Теренченко 11 ақпанда партияның атқарушы хатшысы Асхат Ораловтың төрағалығымен өткен кеңесте берілген тапсырмаларды аумақтық филиалдар мен қоғамдық кеңестердің төрағаларына жеткізді.

Би-Барыс КӨКШЕ

Соттың құзыреті қандай болмақ?

Қазақ елінде жүріп жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңғырулар жаңа сот жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Биліктің бұл тармағы түбегейлі реформаларды бастан өткеріп жатыр. Келесі 2023 жылы Жоғарғы Сот кейбір құзырынан айырылуы мүмкін. Сонымен бірге бұрыннан біте қабысқан, ым-жымы бір судьялар қатарына заңгерлер, адвокаттар, құқықтанушылар және басқа мамандар араласып жатыр. Енді би болу үшін судья өтілінің болуы да қажет емес. Салада қандай өзгерістер жүруде, тағы не күтіледі?

Айхан ШӘРІП

Қуаныш САПАРБАЙ *(коллаж)*

ЖАҢА СОТТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕДЕ?

«Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін өткен жиындарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесі тұйық судай тоқтап қалмайтынын, терең өзгеріске түсетінін білдірді. Мысалы, 1 ақпандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте ел Президенті соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. Жаңа Қазақстанда «талапқа сай келмейтін судьяларға орын болмауы тиіс». Кейінгі 3 жылда ғана 174 судья жұмыстан қуылды немесе лауазымы төмендетілді. Бұл – осыған дейінгі 10 жылдағы көрсеткіштен 3 еседей көп!

Мұның сыртында сот жүйесіне халық пен бизнестің сенімін арттыру үшін ол «бөлшектелуде». Былтырғы шілде айынан Қазақстан тарихында тұңғыш рет «әкімшілік әділет жүйесі» іске қосылды. Өйткені 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енген болатын. Кодекстің негізгі міндеті – азаматтарды, бизнесті әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау. Өзге соттардан айырмашылығы сол жаңа «мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарда» тараптар ретінде бір жақтан жеке тұлға немесе компания, ал екінші жақтан меморган немесе шенеунік шығады. Басқаша айтқанда, мұнда азаматтар не компаниялар бір-бірімен соттаспайды, әкімшілік соттар құзырлы органдар қозғаған қылмыстық істерді қарамайды. Олардың бар күш-жігері тек билік өкілдерінің әрекеті мен әрекетсіздігінен зардап шеккендерге көмектесуге, шенеуніктердің заңсыз шешімдерін жоюға, сөйтіп әділдікті қалпына келтіруге шоғырланады.

«Бұл – өте маңызды іс. Себебі Қазақстан азаматтары да, кәсіпкерлер де меморгандармен, сондай-ақ билік пен құзырға ие лауазым иелерімен күн сайын түрлі салада қарым-қатынасқа түседі. Оның соңы дау-шарға ұласып та жатады. Енді әкімшілік органдардың құзыр-өкілеттігін жүзеге асырумен байланысты барлық дауды жаңадан құрылып отырған мамандандырылған соттар қарайды. Билік өкілдерінің әрекетіне не әрекетсіздігіне наразы кез келген адам өз құқығын қорғау үшін жаңа әкімшілік соттарға жүгіне алады», – деді елорданың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Жанар Дүйсенова.

Қазір елде осындай 21 әкімшілік сот құрылды. Оларда 165 судья жұмыс істейді. Оның сот корпусы мұқият іріктеліп, біразы шетелде тағылымдамадан өткен. Шілдеде құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мыңнан астам талап-арыз түсіпті. Бұрын мұндай істердің 85%-ы меморгандардың пайдасына шешілетін. Содан кәсіпкерлер шенділердің ісін көре тұрып, әділет іздеуге тіпті талпынбайтын, одан нәтиже шығарамын деп үміттенбейтін. Ал қазір істердің тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан: шешімдердің 48%-ы талапкерлердің пайдасына шешілді. Тағы 2 мыңнан астам талап-арыз кері қайтарып алынған, 1,5 мың іс бойынша тараптар татуласқан. Осылайша, соттар 7 мыңнан астам азамат пен бизнес субъектілерінің мүддесін қорғады.

Президент айтқандай, жаңа соттың енгізілуі нәтижесінде мемаппараттың азаматтармен жұмыс істеу жүйесі түбегейлі өзгереді. Бұл маңызды реформаның табысты болуы соттардың кәсібилігіне тікелей байланысты.

«Егер соттар жергілікті органдағы шенеуніктің мәселені ушықтырғанын, адамдардың одан қашып сотқа жүгінгенін көрсе, онда оның басшылығымен жұмыс істейтін болады. Шенеуніктердің өзара ұқсас қателіктерін соттар жергілікті және орталық меморгандардың назарына жеткізеді», – дейді Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Түкиев.

ЖОҒАРҒЫ СОТ АХҚО-МЕН ҚҰЗЫР БӨЛІСПЕК

Ұлттық экономика министрлігінің байламынша, отандық соттарға инвесторлар да сенбейді. Олар да мемлекетпен тартыста соттар заңның емес, биліктің жағына шығады деп ойлайды.

«Инвесторлар сол бұрынғыдай қазақстандық соттардың толық тәуелсіз емес екеніне аландайды. Олар сондай-ақ өз пайдаларына шешілген сот шешімдерінің толықканды орындалатынына сенбейді. Сондықтан Қазақстанда инвесторлармен байланысты дауларды шешу кезінде заң үстемдігінің халықаралық стандарттарын қамтамасыз етуге деген зәрулік бұрынғысынша сақталып отыр», – деп түсіндірді экономика ведомствосы.

Бұл – «сенбесе қойсын!» деп қол сілтей салатын жағдай емес. Ұлттық экономика министрлігінің тұжырымдауынша, осы жағдай – республикаға инвестиция тартуға тежеу болған факторлардың бірі.

Осыған орай инвесторларды тарту, сүйемелдеу және қолдау бойынша институционалдық тетіктерді ары қарай жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның аясында 2023 жылы халықаралық сипаттағы ірі инвестициялық және коммерциялық даулар бойынша істерді Жоғарғы Соттың құзырынан толық алып қойып, АХҚО сотына және оның Халықаралық арбитраж орталығына тапсыру ұсынылып отыр.

2022 жылғы 21 қаңтарда отандық ірі бизнес өкілдерімен кездескен Президент Қ.Тоқаев «Жаңа экономикалық бағыттың» негізін қалайтын басты бір қағидат инвестициялық климат болатынын мәлімдеді. Ал оның тағы бір ұстыны жекеменшікке қол сұқпау болмақ. Бұған ашық әрі әділ сот кепіл болуы тиіс.

– Сот жүйесін жаңғырту – маңызды мәселе. Біз тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық тұрғыдағы шараларды қабылдадық. Соттарға құқықтың әртүрлі саласынан, оның ішінде корпоративтік сектордан жаңа мамандар тартылып жатыр. Сот ісіне мықты корпоративтік заңгерлер мен адвокаттардың тартылуы, әсіресе өңірлерде инвесторлар мен бизнесмендердің мүдделерін сапалы қорғауды қамтамасыз етеді, – деген Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот кеңесі мен Жоғарғы Сот алдына судьялар корпусын жаңарту жұмысын белсенді жүргізу міндетін қойды.

Мысалы, өткен жылдың өзінде сот жүйесіне бұрын судья болып жұмыс істемеген адамдардың үлкен тобы келіп қосылды. Атап кетсек, былтырғы қарашада Жоғарғы Сот судьясы болып кәсіби аудитор, заңгер, экономист, бұған дейін Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы болған Берік Нәжмиденов сайланды. Сондай-ақ құқықтанушы, инвестор, қоғам қайраткері Герман Нұрбаев, Дүниежүзілік банк, PwC секілді халықаралық ұйымдарда істеген заңгер, салықшы Дана Тоқмырзина, квазимемлекеттік секторда басшылық қызметтер атқарған, заңгер Ербол Өмірәлиев және басқасы Жоғарғы Сот судьялары атанды. Сот жүйесіне Бас прокуратурадан да біраз маман келіпті.

Ел басшылығы судьялар «қарға қарғаның көзін шұқымайды» қағидатымен жұмыс істейтін жабық кастаға айналып кетпеуі тиіс деп шарт қойды. Тек соңғы 5 жылдың ішінде коррупциялық қылмыстары үшін Фемиданың 17 өкілі жауапқа тартылыпты. Құтылып кеткені қаншама?! Сот қазылары алқасының шешімімен 29 судья теріс іс-әрекеті үшін қызметінен босатылған. Жалпы, судьялардың қатарын тазалау жұмыстары белсенді жүргізіліп жатқан көрінеді. Жаңа судьяларды іріктеу рәсімі қатайтылды. Бүгінде сот болып, төрелік еткісі келетін кандидаттар алдымен полиграфтың («жалғандық детекторының») тексеруінен, сондай-ақ күрделі психологиялық тесттен өтуі қажет.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЖЫЛЫҚ КЕМЕЛДІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Билер қатарының білікті мамандармен толығуына жалақының жоғарылауы да ықпал етуі тиіс. Бұрын сот билігі қаржылық тұрғыдан Үкіметке тәуелді болды. Енді Ұлттық банк секілді өз жалақысын, әкімшілік шығыстарын және басқасын өзі белгілеуге мүмкіндік алады. Әйтпесе, Конституциялық кеңес 2008 жылғы 23 маусымдағы жолдауында «соттарды қаржыландыру сот төрелігін толық және тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек деген конституциялық талап іс жүзінде толық жүзеге асырылмайтынын», салдарынан судьялар бюджетін қалыптастыру кезінде жергілікті атқарушы билікке қол жаюға мәжбүр болатынын, шенеуніктерге осындай тәуелділік сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететінін ашық айтқан-тын.

Осыған байланысты 2021 жылғы 20 желтоқсанда Президент «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңға және ілеспе заңға қол қойды. Жоғарғы Сот аппаратының басшысы Наиль Ахметзакировтің айтуынша, бұл құжаттарға сәйкес, 2022 жылдан бастап сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделі енгізілді. Ол нақты квотаны қарастырады: сот жүйесінің шығыстары енді барлық мемлекеттік орган шығыстарының жалпы сомасының кемінде 6,5%-ын құрайды.

Яғни, сот жүйесін қаржыландыру шегі белгіленеді. Соның аясында төл бюджетін қалай қалыптастыратынын, оны жұмсау қағидаттары мен бағыттарын судьялардың өзін-өзі басқару органдары айқындайды. Бұл ретте қаржыны бөлу мәселелері Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысында қаралады. Шығындардың нысаналы жеріне жұмсалуын бақылау бұрынғысынша Есеп комитетінің құзырында қала береді.

«Сот жүйесінің бюджетін қалыптастыру процесі айқын әрі ашық түрде жүргізіледі. Енді бұл құзырет құрамына барлық өңірдің сот өкілдері кіретін кеңейтілген жалпы отырысқа беріліп отыр. 2023 жылға арналған бюджет жобасы аталған органның осы жылғы сәуірдегі кезекті отырысында қаралады», – деді Наиль Ахметзакиров.

Демек, соттар енді атқарушы билікке қаржы сұрап, алақан жаймайтын болады. Меморгандардың бүкіл бюджетінің 6,5%-ы көлемінде қаражат автоматты түрде бөлінбек. Бұл сонда қанша миллиардты құрауы мүмкін? 001 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2021 жылы Қазақстанда барлық мемлекеттік органды ұстап тұру үшін жалпы сомасы 855 миллиард 779,3 миллион теңге жұмсалыпты. Соның 6,5%-ы шамамен 55,6 миллиард теңгені құрайды. Дегенмен 2023 жылғы республикалық бюджетте Жоғарғы Сотқа 57 млрд 497,6 млн теңге қарастырылып отыр.

Субсидия жыры

шенеунік ұсталғанымен, мәселе шешіле ме?

Жыл басында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет үш өңірде – Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы мен Маңғыстау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының шенеуніктері ұсталғанын хабарлаған еді. Үш бірдей өңірден ұсталған шенеуніктерге қандай айып тағылып отыр?

«ДАУДЫҢ БАСЫ...»

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мамандары ашып айтпаса да, Шығыс Қазақстан облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының бұрынғы басшысы Владимир Гайламазянның қамауға алынуына субсидия мәселесінің әсер еткенін осы салада жүрген адамдардың көпшілігі біліп отырғаны анық.

Дау неден шықты? Былтыр желтоқсан айының басында мал шаруашылығымен шұғылданатын бір топ кәсіпкерлер Өскемендегі облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасына келіп, өздеріне тиесілі 4 жарым миллиард теңге көлеміндегі субсидияға қол жеткізе алмай жүргеніне шағымданды. Шағымданып қана қоймай, «ол фермерлердің мүддесін жеткілікті деңгейде қорғай алмай отыр» деп басқарма басшысы Владимир Гайламазянның жұмыстан кетуін де талап еткен еді. «Біз ойдан ештеңе шығарып отырған жоқпыз. Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген «Асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидасы» бар. Сол қағиданың 4-тарауының (субсидияларды төлеу тәртібі) 17-тармағында «Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері көрсетілген қаулысы негізінде келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде өтінімдердің келіп түскен күніне және уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады» деп жазылған. Сондықтан біз осы қағидаға сәйкес, субсидияны келесі жылы қосымша бөлінген қаражат есебінен ғана бере аламыз» деп түсіндірген болатын фермерлерге сол жиында В.Гайламазян. «Келесі жылы» деген сөзге қанағаттанбаған шаруалар мәселені Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтің алдына қойып, көмек сұраған еді. Аймақ басшысына хат жазғандардың бірі – Жарма ауданындағы «Шалабай» ЖШС директоры, қазақтың ақ бас тұқымының республикалық палатасы кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты Қуаныш Сүлейменов. «Мен өз хатымда облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының Үкіметтен мал шаруашылығына бөлінген субсидияны беруден бас тартқанын, мәселені шешуге ешқандай ынта білдірмей отырғанын жаздым. Субсидияға өтінім берген 2 200 фермердің артында қаншама адам тұрғанын айтып, басқарма басшысының жұмысына көңілімнің толмайтынын жеткіздім», – дейді ол.

ШЕНЕУНІКТЕР ШИЕЛЕНІСІ

Субсидия мәселесі талқыланған жиынға облыс әкімінің орынбасары Ержан Нұрбаев та қатысып, 4,5 миллиард теңге субсидия жыл соңына дейін түсетінін, Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасарымен сөйлескенін, бұл мәселені шешу үшін барын салып жатқанын айтып: «Әр мәселенің шешімі бар. «Заңды бұзуға болмайды» деп қол қусырып, қарап отыруға да болмайды. Бір шешімге келейік. Сіздер мұны жасай алмадыңыздар. Алайда мен бүгін шешім қабылдап, субсидия бөлу жөніндегі құжатқа қол қойдым» деп бір жағынан басқарма жұмысын сынға алып, екінші жағынан өзінің фермерлер жағында екенін байқатқандай болған еді.

Облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасарының бұл айтқанына: «Субсидияны беру, бермеу жөніндегі шешімді облыс әкімінің өзі ғана қабылдай алады. Бағдарлама әкімшісі мен болғандықтан, Нұрбаев емес, ертең мен жауап беретін боламын. Егер қаржы игерілмесе, олар жауапты болмайды. Мені жұмыстан алады, әкімге де сұрау болады» деп өз уәжін айтқан еді сол кезде В.Гайламазян.

Осы тұста Ержан Нұрбаев пен Владимир Гайламазянға қатысты бір жайтты айта кетелік. 2021 жылдың желтоқсан айының басында (фермерлердің жиынына дейін) орыс тіліндегі республикалық ақпараттық сайттардың бірінде бұрынғы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының облыс әкіміне Ержан Нұрбаев туралы қызметтік хат жазғаны жайында материал жарық көрді. «Ол облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасына жетекшілік еткенде Қазақстанға шетелден әкелінетін сүтті сиырларға берілетін субсидия көлемін ұлғайтуға көп күш салды. Бұлай істейтін жөні де бар. Себебі оның ұлы облыстағы ең ірі шаруа қожалықтарының бірі «Рулиха» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін басқарады» делінген Даниал Ахметов атына жазған хатта.

Ескерте кетейік, Ержан Нұрбаев В.Гайламазянның алдында басқарманы басқарған болатын.

Содан не керек, былтырғы жылдың соңында заңға сүйеніп, субсидия беруден бас тартқан Гайламазянның айтқаны болмай, «субсидия бөлу жөнінде өзім шешім қабылдадым» деген Нұрбаевтың айтқаны болып, фермерлерге 4,6 миллиард теңге субсидия берілген-ді. «Бұрынғы басшымыз В.Гайламазян басқарманың субсидия беру жөніндегі шешімін фермерлер дұрыс қабылдамағандықтан, облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментіне, облыстық прокуратураға, Қаржы министрлігіне хат жазды. Кейін Ауыл шаруашылығы министрлігінің жиынында министрге осы жағдайды түсіндірді. Содан кейін министрлік Бас прокуратураға хат жазды. Сол хаттың негізінде былтыр өтінім берген 2 124 фермерге (1 334 шаруашылық) Үкімет резервінен 4,6 миллиард теңге субсидия төленді. 872 миллион теңге әлі төленген жоқ. Биыл төленуі керек. Бюджеттік өтінімді Ауыл шаруашылығы министрлігіне бердік» деп түсіндірді облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы мал шаруашылығы бөлімінің басшысы Ертай Қуанбаев. Бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі бастығының орынбасары Р.Смағұловтың хатын да көрсетті.

Бөлім басшысының сөзіне сенсек, 2021 жылы Шығыс Қазақстанның мал шаруашылығына 8,8 миллиард, ал биыл 8,9 миллиард теңге субсидия бөлініпті. «Жыл соңына дейін кемінде тағы 7,8 миллиард теңге қажет. Облыстың негізгі мал шаруашылығына деген қажеттілігі – 15 миллиард теңге», – дейді ол.

АҚМОЛАДА – 115 МЫҢ, ШЫҒЫСТА – 15 МЫҢ ТЕҢГЕ...

Облыс фермерлерін толғандырып жүрген тағы бір мәселе – субсидияның әділетсіз бөлінуі. Қазақтың ақ бас сиырын өсірумен шұғылданатын Жарма ауданындағы «Шалабай» ЖШС директоры Қуаныш Сүлейменовтің айтуынша, 2017 жылдан бері Шығыс Қазақстанда асылтұқымды аналық сиырдың бір басына жылына 15 мың теңгеден субсидия беріліп келеді. «Ал Ақмола облысында 115 мың теңге беріледі. Біздің облыста 4 жыл бойы осылай болып келе жатыр. Заңда «әр облыстың басшысы сол салаға қаражатты өзі бөле алады» деп жазылған. Негізі, мұны облыс әкіміне облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы айтуы керек. Олар айтпаған соң өзім облыс әкіміне де, Ауыл шаруашылығы министріне де айттым. Бірақ жауап болмады», – дейді кәсіпкер.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

АЙЫППҰЛДЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

Қазақстанда жүргізушілер Жолда жүру ережесін бұзғаны үшін ТМД елдері ішінде ең көп айып төлейді, оның мөлшері тіпті бірқатар Еуропа мемлекеттерінен де асып кеткен. Бірақ біздің өмір сүру деңгейіміз Еуропадағыдай емес. Алайда айыппұл көлемін арттыра беру заңбұзушылықтың санын қысқарта ма?

Дәулет АСАУ

Прокуратураның дерегіне сүйенсек, соңғы 20 жылда кейбір айып түрлерінің бағасы 25 есе өскен, ал бұл уақыт ішінде тұрғындардың кірісі небәрі 7 есе артқан. Былтыр ереже бұзған қазақстандықтарға жалпы сомасы 22 млрд 055 млн теңге болатын 2 млн 250 мың хаттама жолданған. Жол ережесін бұзу дерегінің 44 пайызы камера арқылы анықталған.

Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсеновтің айтуынша, республика жолдарында қозғалыс ережелерінің бұзылуын тіркейтін 13,2 мыңға жуық стационарлық автоматты камера жұмыс істейді. Алдағы уақытта олардың санын әлі де көбейту жоспарланған.

«Полиция департаменті апат болған жерлерді талдап, анағұрлым қауіпті жол бөліктерін анықтады. Зерттеу нәтижесі бойынша жергілікті атқару органдарына бейнекамера желісін кеңейту жөнінде ұсыныс айтылды. Камерамен келісуге не оны алдауға болмайтынын бәрі біледі. Осылайша, автоматты камера орнату көлік жүргізу мәдениетін арттыруға ықпал етеді, ал жол қозғалысына қатысушылар желікпе жүргізушілерден қорғалады. Сондықтан цифрлы бақылауды әрі қарай дамытудан біз жазалау емес, профилактикалық және тежеу әсерін күтеміз»,– деді Сәкен Сәрсенов.

«СЕРГЕК» СЕЛТ ЕТПЕЙДІ

Жолда жүру ережесін (ЖЖЕ) бақылау үшін астанада 2017 жылдың жазында алғаш ретін «Сергек» отандық бейнебақылау кешені іске қосылды. Бақылау камералары жол қозғалысын «ақылмен» қадағалап қоймай, бағдаршамның қызыл жарығында өтіп кеткен, тоқтау сызығын басып тоқтаған немесе тыйым салынған жолақ үстінде маневр жасаған ереже бұзушылардың ешқайсысын қалт жібермей, жіпке тізіп отырды. Жаңа қондырғы сол жылдың өзінде-ақ бюджетке миллиард теңгеден астам кіріс әкелді.

«Сергек» бейнебақылау кешені теория бойынша ЖЖЕ-нің классикалық бұзушылықтарын ғана емес, сонымен қатар температура бағамын, уыттылық деңгейін, тіпті адамның түрін де ажыратуға қабілетті. Оның камералары 2018 жылдың жазында Алматыда орнатылды, сосын еліміздің басқа ірі қалаларының көшелерінде де біртіндеп көріне бастады. «Сергектің» қырағы бақылауынан сескенген жүргізушілер енді жол үстінде ойқастауды азайтты, ЖЖЕ бұзу біршама кеміді. Бірақ адамнан айла асқан ба?

2020 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің өкілдері елордада дерекқордан «Сергек» камералары түсірген айыппұлдарды өшірумен айналысатын қылмыстық схеманы әшкере етті. Мұндай айла-шарғымен Оперативтік басқару орталығының (ОБО) бірнеше қызметкері айналысқаны анықталды. Олардың ішіндегі ісі сотқа жеткен тек бір қызметкердің өзі жүйеден жалпы сомасы 3 млн теңгеден асатын 268 айыпты өшіріп тастаған. Күдікке одан басқа тағы 4-5 қызметкер іліккен болатын, ал бұлардың қанша айыптарды өшіріп үлгергенін тап басып ешкім айта алмайды.

КӨРПЕГЕ ҚАРАП КӨСІЛУ КЕРЕК-АУ

Қазақстандықтар жолда жүру ережесін бұзуға байланысты төленетін айып ақшаның көлемі өте үлкен екенін айтып жиі шағымданады. Бас прокуратураның Статистикалық комитетінің есебі бойынша, біздің жолдарда ең көп кездесетін ереже бұзушылық – жылдамдықты шамадан тыс арттыру (жалпы жол-көлік оқиғасының 27,3 пайызы), көлікті басып озу (3,5 пайыз), жол белгілерін елемеу (4,2 пайыз) және мас күйде рөльге отыру (2,1 пайыз).

Freedom Finance Insurance компаниясы сарапшыларының дерегіне сүйенсек, біздегі айыппұл мөлшері орташа алғанда 8-29 мың теңге аралығында түрленеді. Ал жол ережесі қайталанып бұзылып жатса, айып көлемі айтарлықтай ұлғая береді. Жылдамдықты шекті мөлшерден асырғаны үшін – 14 585 теңгеден 58 340 теңгеге дейін. Бір жыл ішінде жылдамдықты тағы арттырса – 87 510 теңге. Ішімдікке мас болып көлік жүргізгені үшін – 15 тәулік әкімшілік қамауға алу немесе 7 жылға жүргізушілік куәлігінен айыру. Бұл әрекет тағы қайталанса, кінәлі адам 20 күнге қамалып, 8 жылға жүргізуші куәлігінен айырылады. Көлікті басып озу – 43 755 теңге. Ереже бұзу қайталанса – 87 510 теңге.

Қазақстандықтар жолда жүру ережесін бұзуға байланысты төленетін айып ақшаның көлемі өте үлкен екенін айтып жиі шағымданады. Бас прокуратураның Статистикалық комитетінің есебі бойынша, біздің жолдарда ең көп кездесетін ереже бұзушылық – жылдамдықты шамадан тыс арттыру (жалпы жол-көлік оқиғасының 27,3 пайызы), көлікті басып озу (3,5 пайыз), жол белгілерін елемеу (4,2 пайыз) және мас күйде рөльге отыру (2,1 пайыз).

Салыстыру үшін айта кетсек, Қазақстан мен Ресейдің айыппұл белгілеу принциптерінде айырмашылық бар: Ресей Федерациясының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде нақты ережеге байланысты оның сомасы рубльмен нақты көрсетіледі (немесе айыппұлдың диапазоны шеңберінде), ал Қазақстанда ол айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемімен белгіленген. Бұл айыппұл сомасын автоматтық режимде реттеуге мүмкіндік береді. Жыл сайын АЕК ұлғайған сайын айыппұлдың да көлемі көбейе түседі. Мәселен, 2021 жылы АЕК 10 пайызға өсіп, 2 917 теңгені құрады. Ал 2022 жылдан бастап ол 5 пайызға өсіп, 3 063 теңгені құрады. Егер Қазақстан мен Ресейдің айыппұл мөлшерлерін салыстыратын болсақ, бізде кейбір позициялар бойынша тіпті 15 есеге дейін көп екенін көреміз. Жалпы, посткеңестік мемлекеттердің ішінде біздің республикадағы әкімшілік айыппұл басқаларға қарағанда анағұрлым жоғары, бірақ ол өркениетті мемлекеттерге қарағанда төмен. Ол түсінікті де, Еуропа мен АҚШ-тың немесе Жапонияның азаматтарының жылдық кірісі мен қазақстандық тұрғынның табысы мен жағдайын мүлдем салыстыруға келмейді.

Израильде мүгедектерге арналған орынға көлік қойғаны үшін тағылатын айып үлкен – 1 032 шекель ($258). Бұл аз сома емес, бірақ ол елдегі ең төменгі жалақы көлемінен әлденеше есе төмен – 4 992 шекель ($1 248). Бір қызығы, бұл Қазақстанда дәл осындай айып үшін төленетін сомадан теңгеге шаққанда 20 000 теңгеге төмен!

ӨЗГЕ ЖҰРТТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ – ОСЫ

АҚШ-та жылдамдықты асырғаны үшін 1 000-2 500 доллар көлемінде айып төлейді (431 047-1 077 617 теңге). Айыптың көлемі автокөлік иесі ЖЖЕ бұзған штаттың заңына байланысты болады. Ішімдік ішіп, рөльге отырғандар үшін әр штаттың өзіне ғана арналған дербес заңдары бар. Оның ең қаталы Иллинойс штатында – мәңгі бақи жүргізушілік куәлігінен айыру, 3 жыл түрмеге тоғыту және 25 000 доллар айып төлейді (10 776 175 теңге).

Финляндияда жылдамдықты асырғаны үшін нақты айыппұл белгіленбейді, ол ереже бұзушының жылдық табысына қарай алынады. Мәселен, сіздің табысыңыз 11 млн доллар (4 741 517 000 теңге) болса, 200 мың долларға (86 209 400 теңге) шығынданушыңызға тура келеді. Егер көлікті мас күйінде жүргізсеңіз – 4 500 еуро (2 269 824 теңге) немесе 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесіледі.

Ұлыбританияда жылдамдықты шектен тыс асырғандар 100-1000 фунт (58 743-587 431 теңге) ақшасынан қағылады. Даланың жайдақ жолымен 275 шақырым/сағ жылдамдықпен жүрген британдыққа билік 5 780 фунт стерлинг (3 395 355 теңге) айып салған кез де болған. Ішімдік ішкен немесе есірткі қабылдаған автокөлік иелері 3 000 фунт (1 762 295 теңге) айып төлейді.

Украинада аса үлкен жылдамдықпен жүретіндерге 340-3 400 гривен (5 401-54 017 теңге), ал көлікке мас күйінде отырғандарға 17 000 гривен (270 087 теңге) айып салынады немесе бір жылға жүргізуші куәлігінен айырады. Ресейде қатты жылдамдықпен жүргені үшін – 3 мың рубль (17 160 теңге). Бұл ереже бұзушылық қайталанса, 10 мың рубль (57 200 теңге) айып төлейсіз немесе бір жылға жүргізуші куәлігінен айырады. Ішімдік ішіп ұсталған жүргізушілер 30 мың рубль (171 600 теңге) айып арқалайды.

СӨЗ СОҢЫ. Бүгінде қазақстандық әлеуметті толғандыратын өзекті мәселенің бірі – халықтың өмір сүру деңгейі мен әкімшілік айыппұлдар көлемінің сәйкес келмеуі. Автосүйер қауым Жолда жүру ережесі елеусіз бұзылса да, шамадан тыс көп ақша төлейміз деп шағымданады. Олар айыппұлға жылдар бойы төлеген ақшаларымыз қайда кетіп жатыр, ол қандай мақсатқа жұмсалды, оның көзге көрінетін нәтижесі қандай, тағы да басқа мәселелер бойынша құзырлы органдар нақты тергеу-тексеру жүргізе ме екен деп алаңдаулы.

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ ДАУЫ...

Масылдық па, мұқтаждық па?

Астанада өртенген үйде қалып қойған бес қыз баланың қазасынан кейін бізде билік санасатын топ пайда болды. Ол – көпбалалы аналар. Оның ішінде аядай жерде пәтер жалдап, мүгедек баласын тәрбиелеп отырған көмекке мұқтаж көпбалалы аналардың бары анық. Бірақ басында үйі, астында көлігі бар, төрт құбыласы түгел бола тұра Үкіметтен жәрдемақы, азық-түлік, тегін үй талап ететіндері де жоқ емес. Сонда бұл мұқтаждық па, әлде масылдық па?

Наима НҰРӘЛІ

Депутаттың әкімдік алдында шеруге шыққан көпбалалы аналарды балағаттап, тіл тигізген видеосын көрдік. Бір қарағанда, аналарға ауыр сөз айтуға биліктегінің қалай дәті барады, өзінен төмендегіні көзге ілмейтін мінбердегіні мұқым елдің мұңы қызықтырмай ма деген ой оралады. Бірақ бұл шын мұқтаждар шетте қалып, көпбалалы аналарды себеп етіп, алаяқтардың құрық байлатпас қулығы болмасына кім кепіл?!

ӘКІМДІК АЛДЫНДА БАЙБАЛАМ САЛҒАН ӘЙЕЛДЕР

Депутат Ғабит Сәтмағамбетов аяқ астынан дүрсе қоя берген әйелдердің ісіне ашуланып, жағдайын айтпақ болған аналарды тыңдаудың орнына бейәдеп сөз қайтарған. Әлеуметтік желіде қызу талқыланған бейнежазбаға қатысты мәслихат депутаты тек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жауап берді. Айтуынша, көпбалалы аналар әдейі арандатыпты. Әйтпесе, Ғабит Сәтмағамбетов сол әйелдерге көмектесуден кенде емес. Ол басқаратын құрылыс компаниясы қоғамның осы топ өкілдеріне бүгінгі күнге дейін 20 баспана сыйлапты. «Ауру балалардан да ақша аямадым» депті депутат. Енді мына жағдайдан кейін құрылыс магнаты көпбалалы отбасыларға қайырымдылық жасауға құлықсыз екенін ашық жазды.

Оған дейін Маңғыстауда көпбалалы аналар жалдамалы пәтерді біржола беруді талап етіп, облыс әкімдігінің ғимаратына қарамақарсы тасжолды жауып тастап еді.

Елдар КӘБА (коллаж)

Ақтауда бұрын жалға берілетін баспана алған Жаңаөзен қаласынан 30-ға жуық әйел облыс әкімдігіне келіп, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жолданған қызметтік хаттың көшірмесін талап еткен. Олар бұған дейін әкімдіктен аталған баспананы жекешелендіруге рұқсат беруді сұраған. Алайда бұл заңда көрсетілмеген. Өңір басшысының орынбасары осы мәселені зерттеу үшін әйелдер арасынан бастамашыл топ өкілдерінің қатысуымен комиссия құруды ұсынды.

Былтыр наурызда астаналық көпбалалы аналар 9 күн әкімдік ғимаратында түнеп, баспана мәселесін даулағаны бар. Жиналғандардың кейбірі Қазақстанда отбасындағы балалар санына қарамастан, әрбір балаға 42 500 теңгеден төлеуді талап етіп, кезектен тыс пәтер берілуін сұраған. Сорақысы, белсенділердің арасында бұрын заңға сәйкес және кезек бойынша пәтер алғандар да кездесті. Сондай-ақ келгендердің бәрі бірнеше рет қабылдауда, оның ішінде елорда әкімінің азаматтарды қабылдауында болған, заңнамаға сәйкес барлық қажетті көмек көрсетілген. Әкімдік қызметкерлері жиналғандардың өзін агрессивті ұстағанын хабарлаған еді.

«Қанағат қарын тойғызады» деген қазақ едік. Алайда құнығып бара жатқан адамдарды көргенде жағанды ұстайсың. 2020 жыл. Жамбыл облысы әкімдігінің алдына базыналарын айтып, байбалам салған 17 келіншек келді. Олардың талап-тілегі тыңдалды. «Көмек көрмедік! Жәрдемдерің жоқ!» деп «жылағандардың» жанайқайына назар салсақ, «бақсақ, бақа екен» дегеннің кері.

Жамбыл облысы әкімдігі мен партия ғимараты, қала әкімдігі алдында жер сабалап жылаған келіншектердің ай сайынғы алып отырған ақшалары аймақтағы ауқатты адамдардың айлық-жалақысынан кем болмаған. «Мемлекет ақшасына мұқтажбыз» деп мұнзарын айтқан адамдардың бірі айына 222 137 теңге алса, бірі 224 663 теңге алған. Біріне 281 мың, тіпті 356 577 теңге түскен. Табысын жоғалтушы ретінде мемлекеттен 42 500 теңге алса, Министрлік тарапынан ай сайын аударылатын «Атаулы әлеметтік көмекті» тағы алған. 50 мың теңге партия көмегін (категориясы келгендіктен) және алды. Көпбалаларға берілетін жәрдемақы да түскен. «Айғай шығарсақ, ақша түседі» дейді. Ақшаларын алып алған азаматшалардың мемлекеттік мекеме алдына келіп мұқтажбыз деуі қисынсыз.

Масылдық бүгінде қоғамдық, тіпті саяси проблемаға айналғанын бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы ассамблеясының кеңейтілген отырысында көтерген еді. Көпбалалы аналардың айқайы 2019 жылғы ақпандағы 5 қыздың өлімінен кейін басталды. Содан бері көпбалалы әйелдер биліктен жәрдемақы және баспана талап етіп келеді.

КӨПБАЛАЛЫ АНАНЫҢ КҮЙЕУІ ҚАЙДА?

2019 жылы еліміз көпбалалы аналарға атаулы әлеуметтік көмек беруді қолға алды. Бір өкініштісі, осы жәрдемақыны аламыз деп ажырасуға дейін барған отбасы көп. Шымкент қаласындағы бір соттың өзіне аптасына 10-15 арыз түскен. «Шаңырақ» көпбалалы отбасыларды қолдау орталығының директоры Ләззат Қожахметова ойымызды қуаттап, масылдықты мемлекет қолдан жасады деп отыр.

«Жалдамалы пәтердің жарты ақысын төлеп беру бағдарламасы – көпбалалы аналарды нағыз масылдыққа апаратын жол. Пәтер ақының 50 пайызын мемлекет өтеп беруі үшін тұрмысының төмен екенін дәлелдеуі керек. Ол үшін біздің әйелдер күйеуімен қағаз жүзінде ажырасады. Күйеуім алимент төлемейді деп, анықтаманы жасатып алады. Сотқа бергеннен кейін күйеуі 1-2 ай алимент төлемесе, сот орындаушы сол анықтаманы береді. Дәл осындай жолмен атаулы әлеуметтік көмек алып отырған отбасылар бар.

Екінші, бағдарлама іске қосылса, масыл еркектер көбейеді. Оған дейін 2-3 жерде жұмыс істесе, кейін бір жерде жұмыс істейді. 70 мың теңгенің жұмысын істеп, пәтерақының жартысын мемлекеттен алып отыра береді. Бұдан риэлторлар мен 2-3 баспанасы барлар ұтады. Азаматтардың банкроттығы туралы заң күшіне енеді деп елдер несиесін төлемей жатса, таңғалмаймын. Митингке шығып жүрген аналарды қолдамаймын. Себебі осы мәселемен айналысып жүргеніме 3 жыл болды, көшеге шығатын аналардың талабы орындалмайды», – дейді Л.Қожахметова.

Бүгінде елімізде шамамен 590 мың адам кезекте тұр, соның ішінде 210 мың адам халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобына жатады. Бұл көпбалалы отбасылар, 1 және 2-топтағы мүгедектер, жетім балалар, мүгедек балалары бар отбасылар. Әділдікті ту еткен көпбалалы аналарға кезексіз үй берілсе, басқа санаттағылардың құқығы бұзылмай ма?

Қазақстан халқы ассамблеясының республикалық Аналар кеңесінің төрайымы Нәзипа Шанаи дәстүрлі отбасылық институтымыз құрығанын айтып, көпбалалы аналарды қоғам алдында масылдығын мәселе етіп отыр дейді.

«Қазір көп отбасында еркектің орны жоқ деп санауға болады. Ер азаматтар бұған ренжімей-ақ қойсын. Себебі ер-азамат Алланың алдында «өмір бойы жарымның жағдайын жасаймын» деп уәде береді. Әйелдің басты міндеті – ұрпақ жалғастыру, бала туып, азамат етіп тәрбиелеу. Үйдегі отағасы деп сыйлаған ері үйдің мәселесін шешпегендіктен, әйелдер көшеде жүр. Сондықтан бұл ер адамдардың бүгінде ер деген атаққа лайықты болмай қалғанынан деп санаймын. Бірақ сол ерлерді де тәрбиелейтін – ана. Онда мәселе қайтадан аналардың алдына келіп тұр. «Бүгін өз отбасын басқара алатын, мемлекетін басқара алатын ер-азаматтарды тәрбиелеп жатырмыз ба?» деген сауалды әрқайсымыз қоюымыз керек», – дейді ол.

БАЗЫНАСЫН АЙТУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР, БІРАҚ...

Атырау облысында жеті баланың анасын пышақтап өлтірген 25 жастағы жігіттің соты басталды. Осы көпбалалы әйелдің өлімі әлеуметтік желілерде ұзақ талқыланған болатын. Жеті бала анасыз қалды. Атырау облысы Құлсары қаласында 25 жастағы жігіт көпбалалы анаға 900 мың теңге несие алып берген. Әйел несиені төлемей жүргенде жігіт екеуінің арасында кикілжің пайда болып, жігіт оны пышақтап тастаған. Ол қылмысын мойындады. Туыстарының айтуынша, қылмыстың басты себебі – әйелдің несиені төлемеуі екен. Жоқтық, ку дүние ананың ғұмырын қиды. Көшеде ереуілге шығып жүрген әйелдердің де көздегені ку дүниенің қамы, баспана мәселесі. Үкіметтен көмек сұраған аналар намыссыздықтан, жалқаулықтан солай жүрген жоқ. Мәселен, Таразда көпбалалы аналар кезегін күтіп, пәтерін алған бірақ, жарық пен жылудың тартылмағандығынан, сапасыз құрылыс жұмыстарынан үйі бола тұра пәтер жалдауға мәжбүр.

– Осы үй бітті дегенде мен үйімді өткізіп, бес баламды бес жаққа жібердім. Себебі мынау үй дайын емес. Жарық жоқ, жылу жоқ. Жарыққа барсақ, құжат өткен жоқ дейді, жылуға барсақ, жылу келіп тұр, бірақ мотор жоқ дейді. Үйдің сапасы өте төмен, мына үйде тұра алмаймыз. Қалай болса солай соғылған үй, есіктер дұрыс орналаспаған, түсіп қалған. Пластик терезелерде дұрыс емес. Біздің бәріміздің келгіміз келіп отыр, бірақ бізді ұстап тұрған жылу, жарық одан кейін үйдің сапасы, – дейді Индира Айтбаева.

Келесі, елдегі жұмыссыздық мәселесін ескерсек, бес бала тауып үйде отырған аналарды қойып, екіүш диплом арқалаған жастардың өзі жұмыс таппай қиналады. Себебі өндіріс орындары саусақпен санарлық, үйде отырған көпбалалы аналардың күйеуі құрылыста, базарда аз айлыққа жұмыс істеп жүр. Тіпті, кейбірінде ол жұмыс та жоқ. Айлығы азық-түліктен артылмайды.

Естеріңізде ме, 2019 жылы әлеуметтік желіде «пиво ішіп отырған көпбалалы аналар» деген видео тарап, желіні шулатты. Осындай амалдар арқылы көпбалалы аналардың қадірін кетіру әрекеттері де жүріп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Қорытындысында, көпбалалы аналардың да заңды түрде ереуілге шығып, базынасын айтуға құқығы бар. Бірақ талапты жеткізу форматын өзгертетін кез келген сияқты. «Қаралы қаңтарда» бейбіт шеруді содырлар пайдаланып кетті емес пе?! Сол сияқты біреуді қаралау үшін ақша алып тапсырысқа жұмыс істейтін, көшеге шығып әдейі айқайға басатын топтар да көпбалалы аналарды өз мүддесіне пайдаланып кетуі ғажап емес.

Елдар КӘБА (коллаж)

Ана мен баланың ажалына араша бар ма?

Шырылдап дүние есігін ашқан шақалақ жасқа жетпей жарық әлеммен қоштасатын болса, перзентханаға үлкен үмітпен барған ана үйіне қайтып оралмаса, бұдан артық қасірет бар ма? Бүгінде Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бойынша, ана өлім-жітімі санынан әлем елдері арасынан 42-орында, ал бала өлім-жітім көрсеткіші бойынша 79-орында. Ендеше, ана мен баланың ажал құшуына не себеп?

Көктем ҚАРҚЫН

Денсаулық сақтау саласына еселеп қаржы бөлінсе де, медициналық мекемелерге заманауи құрал-жабдықтар сатып алынып жатса да, ана мен бала өлімінің көрсеткіші соңғы жылдары төмендемей тұр. Бұл мәселе осыдан он шақты жыл бұрын да өзекті болған. Әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. 1991 жылмен салыстырғанда қазір ана өлімі бес есе, бала өлімі үш есеге азайды. Бірақ Кеңес одағының кезінде ана мен балаға жағдай да жөнді жасалмайтын. Бүгінгідей жоғары дамыған техникалық база да, білікті маман да тапшы еді. Ал қазір қолымызда барды пайдаланып, бейбіт күнде бейкүнә сәбилерді құтқара алмай отырмыз. Соңғы жылдары ТМД елдерінің ішінде сәби өлімінің тіркелуі бойынша Қазақстан алдыңғы қатардан түспей келеді. Сәбидің дүниеге келу деректері өскенімен, олардың шетінеп кету көріністері көбейіп келе жатқаны алаңдатады. Статистикаға шақсақ, бала туу көрсеткіші екі пайызға артса, тиісінше сәби өлімі бір пайызға көбейген. Бұл дерек елдің демографиялық ахуалын көрсетсе керек.

САН МЕН САЛДАР

Ана мен бала өліміне қатысты кейінгі 3 жылдағы статистиканы салыстырып көрелік. Мәселен, 2019 жылы 8 айдың ішінде 36 әйел қайтыс болған. 2020 жылы қаңтартамыз айында 131 әйел жан тапсырған. Көрер көзге айырмашылық бірден білінеді. Ал бұл көрсеткіш Ақтөбе облысында 13 есе, Қызылорда облысында 9 есе артқан. Мәлім болғандай, былтыр Шымкенттегі қоғамдық кеңесте ана мен бала өлімі 5 есеге көбейгені туралы мәселе көтерілді. Тарқатып айтсақ, Шымкенттегі перинаталды орталық жүктілігі ауыр түрде өтетін әйелдерді қабылдауға қауқарсыз екен. Алайда жаңа орталық салуға бюджеттен ақша бөлу мұң болып тұр. Байқасақ, біраз облыста заманауи құрал-жабдығы бар перинаталды орталық жайы күрделі мәселеге айналған.

Ана өлім-жітімінің жоғары көрсеткіші ауылдық мекендер мен кедей мемлекеттерде жоғары. Қазақстанда 2008 жылы бала өлімі көрсеткіші 14,57 коэффициенттен 20,76-ға дейін өседі деген болжам болған еді. Ана мен бала өлімінің алдын алу үшін 2009 жылы Республикалық штаб құрылған болатын. Бұл әдіс тиімді іске асты: 2010 жылы көрсеткіш 31,2-ден 22,7-ге дейін төмендеді. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиниятқызының былтырғы дерегінше, ана мен бала өлімі өткен жылдармен салыстырғанда азайған. Министр келтірген деректерге мән берсек, 2019 жылы 1 000 тірі туған нәрестеге шаққанда шетінеу көрсеткіші 8,40 болса, алдыңғы жылы 7,779 болған. Ал 2020 жылы Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында ана өлімін – баласын тірі туған 100 мың анаға шаққанда 17,1-ге дейін, ал сәби өлімін – 1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 10,1-ге дейін төмендеген. Сондай-ақ Ажар Ғиниятқызы біліктілік пен кәсібілікке келгенде балалар мамандарының тапшы екенін де жасырмады. «Педиатрия (неонатология), балалар реаниматологиясы, анестезиология» және «балалар пульмонологиясы» мамандықтары бойынша кадрмен қамтуды 100%-ға жеткізу жолға қойылды», – дейді министр.

Біз саладағы осы жетістікке мәз болып жүргенде, Израиль елінің негізгі клиникаларында 16 жыл бойы ана мен бала өлімі тіркелмеген. Ал Ресейде 2020 жылы 1 жасқа дейін сәбилер арасында 6 489 өлім тіркелді, бұл 1000 тірі туылғандарға 4,5-ті құрады. Көрші Қырғыз Республикасында да ана өлімінің деңгейі төмендеуде, бірақ оның себептері де өзгерген. Егер бұрын себептер көбінесе қан кету, преэклампсия, сепсис болса, бүгінде бұған басқа созылмалы аурулар себеп. Электрондық денсаулық сақтау орталығының мәліметінше, 2020 жылы 159 мыңға жуық бала туу тіркелген. Олардың ішінде сәби өлімін – 1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 7,6-ге дейін төмендеткен. Ал Өзбекстанда 2030 жылға дейін ана өлімін 50 пайызға азайту туралы арнайы жоба қабылданған. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың нәтижесінде соңғы бес жылда 100 мың жаңа туған нәрестеге ана өлімі 23,1-ден 19 жағдайға дейін, нәрестелер өлімі 11-ден 10,7-ге дейін қысқарған.

МАМАН ТАПШЫ, ЖЕР ШАЛҒАЙ

Жылына орташа есеппен елімізде 395 911 бала дүниеге келсе, оларды 4 155 акушер-гинеколог бақылауына алады. Яғни, 1 акушер-гинекологтың басына шаққанда 95 жүкті әйелден келеді. Сайып келгенде, маманның жетіспеушілігінен туындайтын қиындықтардың көп екенін назарға алу керек.

– Өңірлерде ана өлімінің өсу себебіне, кері көрсеткіштерге акушерлік қызметтің жеткіліксіз құрамы, перзентханалардың дәрігерлік жабдықтармен толық қамтамасыз етілмеуі, барлық деңгейдегі мамандар біліктілігінің жеткіліксіздігі, шалғай аудандардағы жүкті әйелдер мен нәрестелерге медициналық көмек материалдық-техникалық тұрғыда толық қамтамасыз етілмеуі, сондай-ақ білікті дәрігерлердің жекеменшік емханаларға ауысып кетуі әсер етті, – дейді Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Марат Шоранов.

Иә, кадрлардың жетіспеушілігі – Қазақстандағы ана өлімінің өсу себептерінің бірі. Қарапайым бір ауданда 18 аймаққа (участок) 11 дәрігер жұмыс істейді. Оның бірнешеуі демалысқа кеткенде олардың орнына фельдшер, орта буын қызметкерлер жүреді. Демек, дәрігерсіз аймақтарда өз деңгейінде жұмыс жүрмей жатыр деген сөз. Медицина ғылымдарының кандидаты Жұпар Наханованың айтуынша, коронавирустың салдарынан ана өлімі екі есеге дейін көбейген. Осыдан 15 жылдай бұрын аймақтандыру жайлы бұйрық шықты. Қабылданған ереже бойынша аудандық жерлерде тек қана физиологиялық босандыруға рұқсат берілген. Қазір ауылдағы дәрігерлер қан кеткен ананы көлікке салып, 200-500 шақырым жердегі қалаға жібереді. Осылайша, дер кезінде көмек көрсете алмай, аналарымыздан айырыламыз.

– Медицина саласында сапалы жүйе жоқ. Жүйенің болмауына байланысты аналар дұрыс тексеріле алмайды. Тексерілсе де дұрыс емделмейді. Медициналық сақтандырудың өзін көпшілік түсінбей, кімге барарын білмей жатады. Осы себепті ана мен бала өлімі көбейді, – дейді Жұпар Наханова.

Жүкті әйел 10 аптаға дейін дәрігердің тіркеуінде тұруы керек. Одан кейін ай сайын қабылдауға барып, болашақ нәрестесінің жағдайын жиі бақылауда ұстайды. Бірақ қазір еліміздегі аналарда ең жиі кездесетін ауырудың түрі – қан аздық. Көп жағдайда аналар өздерінің гемоглобинінің төмен екенін білмей жүре береді. Сондықтан Жұпар Наханова мемлекет тарапынан әйелдерді тұрақты тексеретін бағдарлама болуы керек деп санайды. «Өткен жылы үкімет ЭКО-ға деп 7000 квота бөлді. Сол қаржыны ЭКО-ға емес, жастардың денсаулығын жақсартуға бөлу қажет еді», – дейді дәрігер.

ЖҮКТІЛІКТІҢ ЖҮГІ АУЫР

Мамандардың айтуынша сәбилердің ең көп шетінейтін кезеңі ана құрсағындағы 28 аптасынан басталатын және туғаннан кейінгі 7 тәулік. Яғни перинаталдық кезең. Жас ана Роза Сейфолланың қуанышы көпке созылған жоқ. «3 тәуліктен соң баламыздан айырылып қаламыз деп ойламадық. Дәрігерлер қайтыс болу актілерін тіркеу парағын қолыма ұстатты. Қорғансыз адамның күйін кешіп қаласың. Көкейде көптеген сұрақ қалды. Еліміздегі пандемиямен байланыстырсақ, енді бірде уақытынан бұрын туылуынан деп ойладық. Медицинаның дамыған заманында адам өмірін сақтап қалатын шаралардың болмайтыны қынжылтады», – дейді жас ана.

Роза Сейфолланың басындағы жағдай Солтүстік Қазақстандағы 74 ананың басынан өтті. 1 жасқа дейінгі нәрестелер өлімінің көбеюіне жүктілік кезеңдерінде пайда болатын аурулар себеп болған. Гинеколог-эндокринолог Гүлназ Сәбитқызының айтуынша, бала анасының құрсағында жатқанда пайда болған ауытқулардың кесірінен кейін осындай жағдайға ұшырайды. Мәселен, жатырға инфекция түссе, тікелей баланың денсаулығына әсер етеді. Нәрестенің уақытынан бұрын туылуы немесе шетінеп кетуі осыған байланысты. Бұрын қыздар жастайынан тұрмысқа шығып, ерте жүктілікпен өміріне қауіп төндіретін болса, қазір жағдай керісінше өзгерген. 30-дан асқан ана алғашқы жүктілігімен келетін болса, дәрігерлер оларды арнайы бақылауда ұстайтын топқа жатқызады. Өйткені уақыт өте келе адам ағзасындағы гормондар азайып, элементтердің жетіспеуінен жүктілік кезінде қан қоюланады. Ананың қан қысымы қатты жоғарылап кеткенде, сонымен қатар қан қоюланып немесе қатты сұйылып кетсе, балаға оттегінің жетіспеушілігі пайда болады. Соның салдарынан ана да, бала да өлім құшады.

– Бір емханаға бірнеше аймақты тіркеп қойғандықтан жүкті әйелдер кезекте ұзақ тұруға шыдамай, жекеменшік емханаларға барып қаралады. Сондықтан жағдайы бар аналарға жеке мекемелерге барып емделген ыңғайлы. 5-6 келіншек жататын палатада тұру кімге ұнайды? Сондықтан мемлекеттік емханалардағы жағдай мен қызмет көрсету сапасын реттеу керек, – дейді Гүлназ Сәбитқызы.

Ана мен бала өлімінің алдын алу үшін не істеу керек? Алдымен, емдеу профилактикалық шараларды іске асырушы мекемелерді үздік медициналық техникамен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қажет. Одан бөлек, маманның клиникалық дағдыларын жетілдіру де артық етпейді. Ана мен бала өлімінің алдын алуда дәрігерден бұрын, адамның өзіне деген жауапкершілігі үлкен рөл атқарады. Өйткені жоғарыда аталған көп мәселенің бәрі уақытылы емдеу шарасын қолға алған кезде еш қиындықсыз шешімін табады. Тек уақытты ойын көріп, жүріп алмаған дұрыс. Ауылдық жерлерде уақыт тапшылығын алға тартып, дәрігерге көрінуді екінші орынға сырғыта салады. Жүктілікке бейқам қарау қайғылы жағдайларға ұшыратуы мүмкін.

От шарпыған ОРАМАЛ

«Отанын сатқандардың» әйелдеріне арналған төрт лагерь болған. Оның бірі – «АЛЖИР», екіншісі – «Тепляков», үшіншісі – «Жангижер», төртіншісі – «Темников» лагері. Төртеуі төрт жақта болған. Бірі – Төменгі Новгород қаласынан 40 шақырым жерде, екіншісі – Бішкектен 100 шақырым жерде орналасқан. Ал «Темников» лагері Ресейдің Тотьма маңында болған. Ал «АЛЖИР» – «КАРЛАГ»-тың Ақмола бөлімшесі.

Гүлзина БЕКТАС

Тікенек сыммен қоршалған, төрт бұрышына күзет мұнарасы орнатылған бұл жерде «Отанын сатқандардың» әйелдері қамалды. 2003 жылы Мәскеудің халықаралық «Мемориал қоғамы «Узницы «Алжира» атты кітап шығарады. Онда 5 380 әйелтұтқынның тізімі берілген. Олардың арасында Алаш зиялыларының да әйелдерінің есімі бар.

Кешегі «тұтқын» әйелдердің қасіреті қалған лагерьде мұражай қызметкерлерінің айтуынша, бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел қамауда болған. Олардың басым бөлігі – орыстар, одан бөлек еврей, украин және қазақ әйелдері. Сонымен бірге неміс, француз, жапон, норвег, поляк, армян, грузин, латыш және басқа ұлттардың қызкеліншектері тозақ отын кешкен. Кей деректерде «АЛЖИР»-де 600-ге жуық әйел қайтыс болған деседі. 600 әйел отбасына, бала-шағасына жете алмаған. Қайғы қамытын жамылып, «халық жауының» әйелі ретінде өмірден өте барды. Не деген қасірет, десеңізші...

ӘЗИЗА, ГҮЛЖАМАЛ, ГҮЛБАХРАМ, ДӘМЕШ

Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза мен енесі Әлиса, Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбахрам, Бейімбет Майлиннің әйелі Гүлжамал, Темірбек Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Нығмет Нұрмақовтың әйелі Зұфнұн және тағы басқа әйгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің әйелдері «АЛЖИР» тұтқыны болды.

Тарихшы Тілеу Көлбаев жазықсыз айыпталған аналардың саны, өкінішке қарай толық емес екенін, Ақмола түрмесінде сотталған әйелдердің қылмыстық істерінің басым көпшілігі бір парақтан ғана тұратынын жазған. Яғни, толық ақпарат жоқ. Мәселен, «Байғанатова Татий, 1932 жылы ҚК-нің 166-72 бағыттарымен сотталған. Жасы 45-те. Партияда жоқ. Кедей. Колхозда жұмыс істейді. Байғанатев Мақсұтпен бірге ат ұрлаған» делінген. Одан кейін Татийдің ары қарайғы тағдыры не болды? Белгісіз. Мұндай «бидай ұрлаған», «ат ұрлаған», «тары ұрлаған» қаншама әйел жазықсыз сотталып кетті, десеңші.

«АЛЖИР»-де қанша әйел тозақтан шықты, қанша әйел азап тартты, қанша әйел қайғыны көтере алмай қайтыс болып кетті. Тағы нақты дерек жоқ. «АЛЖИР» де, «КАРЛАГ» лагері де 1953 жылға дейін жұмыс істеген. 1953 жылға дейін мұнда қаншама адам азап шекті деген сөз. Біз бүгін азап көрген, құғынға ұшыраған қазақ әйелдерінің бірқатары туралы сөз етпекпіз.

Зағипа Тінәлина – қазақтың алғашқы журналистерінің бірі Абат Әлібаевтың жұбайы. 30-жылдарда орта арнаулы білім алған, көзі ашық, көкірегі ояу бойжеткеннің арманы да асқақ еді. Жарасымды өмір кешіп жатқан жас отбасына 1937 жылы қайғы бұлты оралады. «Қазақстан» баспасы директорының орынбасары болып еңбек етіп жүрген Абатты ұстап алып кетеді де, 1938 жылы ату жазасына кеседі. Өлкелік партия комитетінде жауапты қызмет атқарып жүрген Зағипаға да «халық жауының әйелі» деген қара таңба басылған еді. Ақыры, 1938 жылдың 10 сәуірінде халық жауларының әйелдерімен бірге «АЛЖИР»-ге кете барды.

Анамыз «АЛЖИР» – өз жерімнің, өз аспанымның астында. Оған жеткенше Челябі, Новосібір түрмелері қатты қинады» деген екен. Бұл туралы ақын Ақұштап Бақтыгереева Зағипа Тінәлина туралы естелігінде жазады. Зағипа анамыз түрмеден 1941 жылғы 10 сәуірде босаған. Тек 1956 жылы ғана ақталған.

Ал Әзиза Рысқұлованы Мәскеудегі үйінде қамауға алып, Бутырка түрмесіне түскен. Бұл кезде Әзиза анамыздың аяғы ауыр болған. Әзизаның анасы Әлисаны да қамауға алған. Екеуі 1938 жылы «АЛЖИР»-де кездеседі. «Түрме қызы» атанған кішкентай Рида әжесімен түрмеде табысқан. Әжесі лагерьден шығуға бес-алты күн қалғанда қайтыс болады. Әзиза анамыз «АЛЖИР»-де сегіз жыл отырған. Түрмеде отырып, малдәрігерлік жұмысқа баруға арыз жазады. Сөйтіп, 2 мың ірі қара мен 500 саулықты санап алып, қасына мал бағатын қазақ әйелдерін жинаған. Қазақтың Бейімбетінің жары Гүлжамал апамыз, Сұлтанбек Қожановтың әйелі Гүлжиян, Мәриям Есенгелдина мен Зағипа Тінәлина мал бағуға шығады.

БІР БҰЗАУ ҮШІН АТЫП ТАСТАҒАН...

Мәриям Есенгелдина өз естеліктерінде «қайсыбір күзетшілердің шамадан тыс қатігез болғанын» жазады. Сол қатігездіктен құлағы ауырлау еститін Кира Нұрмағанбетова өз барағынан шығып, аулаға бет алғанында атып тастаған. Ол күзетшінің ескертуін естімей қалады. Күзетші екі сөзге келместен атып тастапты. Бұл 1939 жыл болатын. Бірде күннің қара суығында бір бұзау өліп қалып, сол үшін лагерь бастықтарының бірі үш әйелді атып тастаған. Тіпті, «енді бір бұзау өлетін болса, алтауынды атып тастаймын» деп қорқытады. Атып, қорлап, қаншама қиындық көрсетсе де, күзетшілер жазасыз қала берген.

Қиындық көрген «халық жауы» әйелінің бірі – Гүлбарам Қожахметова. Ол – 1921-1922 жылдары Семей қалалық атқару комитетінің төрағасы, кейін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі, 1936 жылдан Ақтөбе облыстық сотының төрағасы қызметін атқарған Жұмағат Қожахметовтың әйелі. Күйеуін 1937 жылы 19 тамызда ұстап әкеткен. Ал Гүлбарам ана «халық жауының» әйелі ретінде «АЛЖИР»-ге 8 жылға бас бостандығынан айырылған. Ұзақбай Құлымбетовтің жары Әйіш анамызды да «Отанын сатқан опасыздың жары» ретінде «АЛЖИР»-ге жазасын өтеуге жібереді. Ол «АЛЖИР»-де сегіз жыл отырды. Күйеуі Ұзақбай Құлымбетов 1937 жылы ұсталып, 1938 жылы 19 наркоммен бірге жазықсыз атылып кетті. Құлымбетовті 1958 жылы ақтаған. Оған дейін ұрпақтары «халық жауының» балалары ретінде елден жырақ жүрді. Әйіш анамыздың қызы ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Орынша Қарабалина-Қазыбаева: «Шешем Әйіш Құлымбетова «КАРЛАГ»-та он жыл қой баққан. Жүргеновтің жары Дәмеш апаның өзі «КАРЛАГ»-та мейірбике болыпты. Әйелдер ауыр жұмыстан бір уақыт тынығып алсын деп кезегімен бюллетень жазып береді екен. Сонда әйелдердің ішінде біздің шешеміз Әйіш: «Ұзекеңдер де атылып кетті ғой. Менің жаным олардан ардақты емес» деп бірде-бір бюллетень алмапты. Сол мықты төзімнің, шыдамдылығының арқасында шығар, 10 жыл отырғаннан кейін 1947 жылы аман-сау ортамызға оралды» деп жазады.

Азап лагерінде қасірет тартқан тағы бір ғұмыр – актриса Жанбике Шанина. Күйеуі Жұмат Шанин 1937 жылы «халық жауы» деп айыпталып, тұтқындалады. 1938 жылы 26 ақпан күні ешқандай тергеусіз, сотсыз атылып кетеді. 1938 жылы Жанбикені де қамауға алады. Әкесінен өлідей, анасынан тірідей айырылған ұлдары Раупбек 1939 жылы ауыр қайғыдан қайтыс болады. Ол қазақтың алғашқы скрипкашыларының бірі еді. Жанбике Шанинаны 8 жылға соттап, «АЛЖИР»-ге әкеледі. Лагерьдегі жағдай тіптен ауыр еді. Барактарда орын жетпейді. Лагерь аумағында үлкен қамысты көл болған. Тұтқындар сол қамысты шауып, қыста отын, жазда үй салатын құрылыс материалдарына пайдаланды. Сондай ауыр жұмыстардың басы-қасында аналарымыз жүрді. Қыстың шыңылтыр аязы, барактың суығы, мардымсыз тамақ, аштық – кез келгеніне де оңай тиген жоқ. Ол жазасын өтеп, 1946 жылы бостандыққа шығады. Әбден жүдеген, бір кездері гүл жайнаған Жанбикенің түрі адам танымастай өзгерген еді. Қайғы-қасірет тұмшалаған, ауыр еңбек пен ұзақ жылғы азапты өмірдің салдарынан өкпе ауруына шалдығып, 1950 жылы өмірден өтеді. Жанбике ананың зираты Қарағанды қаласында, ол тіпті жан жары Жұмат Шашиннің ақталғанын да көре алмады.

АНАЛАРДЫҢ АЗАП ЛАГЕРІ

Құғын-сүргін көрген аналардың бірі – Әсма Шоманова. Күйеуі Рахымжан Шоманов аудармашы болған. Армиял Тасымбековтің «Жан дауысы. Алжир архипелагы» атты кітабында Әсма апамыздың естелігі беріледі. «Үйдің іші азан-қазан, улап-шулап кетті. 3 жастағы қызым Роза бақырып жылады. Әпкем Ғайша Розаны жалыныпжалбарынып алып қалды. Егер балалар үйіне алып кеткенде Розадан айырылып қалғандай екенмін. Содан өзің жазып жүрген апайларың нені көрсе, соны көріп, «КАРЛАГ»-тың дәм-тұзы тартты ма, 8 жыл өмірімді сол жерде өткіздім. Ал содан кейінгі өмірімді жақсы деп айта алмаймын. 1957 жылы ақталдым. Денсаулығым нашар. Бәрі сол «КАРЛАГ»-тың әсері ғой, балам. Бас ауырады, балтыр сыздайды демекші, «КАРЛАГ», 1937-1938 жылдар оқиғасы түн ұйқымды төрт бөліп оятады. Сол отырып келген апаларыңның көпшілігін білемін. Көпшілігі қайтыс болды. Аз қалдық. Бұрын 1937 жылдың әңгімесін айтудан жасқанушы едік. Құдайға шүкір, заман түзелді. Қазақ халқы өзінің жоғалтқан асылдарын жоқтай бастады. Менің күйеуім Рахымжан аудармашы екенін айттым ба, ол да ақталды. Дегенмен өліп қалған соң, ақ екен, таза екен дегенге жыным келеді. Расында, Рахымжан ешкімнің ала жібін аттамаған жан еді», – дейді.

Сол бір қасіретті жылдар туралы аналарымыздың естеліктерін көзге жас алмай оқу мүмкін емес. Олар сол бір азапты жылдары түрмеде аналардың көбі қайғы-қасіреттен, азаптан жынданып өлгендерін айтады. Тіпті, шаштары тез ағарып кететін. Араларында өз-өздеріне қол салғандары да болыпты. Далада, қақаған аязда қатып өлген аналар да кездескен.

5 830 әйел. Азап көрді. Қайғы шекті. Қасірет тартты. Құлады. Жылады. Қайта тұрды. Бар өмірлері күреспен өтті. Өздері қиналып ғана қоймай, күйеулерінің «халық жауы» емес екенін дәлелдеп, ақтап алды. Бұл қазақ әйелдерінің «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» қайсарлығы еді. Азап тартса да, мойығаны жоқ. Сынып кетпеді.

Құғын-сүргін көрген, азап тартқан, атылған әрбір аналардың алдында қарызымыз шексіз! Әрі олардың осындай жан аямас ерліктерін ұрпаққа айтып отыру – баршамыз үшін парыз.

«Қазақ әйелінің басты ерлігі не еді?» деген сауалға келсек, ол – 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылықтан, 37-дегі репрессиядан, 40-жылдардағы соғыстан демографиялық апатқа ұшыраған ұлтымызды жоқ болып кетуден сақтаған жанкештілігі дер едік.

Қайырымдылық жасау – қазақтың қанында бар

Сабыржан ЗАЙНУТДИНОВ

Бауыржан ҚАЙЫҢБАЕВ

Қаңтардың басында болған қасіретті оқиға халықты алаң көңіл қылғаны бар. Сол күндерде талай азамат елдік мүдде үшін барын салғанын да көрдік. Бірі Отанын бүлікшіден қорғау жолында оққа ұшты. Енді бірі жылаған халықты жұбату үшін қолындағы барымен бөлісті. Біз сондай қайырымды, жомарт көңіл қос азамат, алматылық кәсіпкерлер Сабыржан Зайнутдинов пен Бауыржан Қайыңбаевтан арнайы сұхбат алдық. Мақсатымыз – жігіттердің ел басына күн туғанда жасаған азды-көпті жақсылықтарын жария ету емес, керісінше өзгелерге де ой салса деген тілек.

– Алғашқы сауалды «қасіретті қаңтар» деген атаумен тарихқа сіңіп бара жатқан оқиғаға байланыстырып қойсам деп отырмын. Сіздер осы күндерде қиналған жандарға қолда барымен бөліскен жандардың бірісіздер. Жалпы, осы күндерде қанша соманың көлемінде қайырымдылық жасай алдыңыздар?

Сабыржан Зайнутдинов: – Ол күндер елдің басына күн туған сын сағаттар болды. Ондай сәтте азды-көпті мүмкіндігің бола тұра үнсіз, әрекетсіз қалу азаматтығымызға сын болар еді. Сондықтан қолымыздан келгенше, қаржылай да, басқалай да көмек қолын создық. Жалпы, серіктесім екеуміз қосылып, 50 миллион теңгенің материалдық көмегін көрсеттік. Қалада жаппай тәртіпсіздік пен дүрбелең басталған күні интернет өшіріліп, түрлі қаржы ұйымдары қызмет көрсетпек түгілі, тоналып жатқанда адамдар өз есепшоттарындағы ақшаларына қолдары жетпей қалды. Сәйкесінше, азық-түлік дүкендері де қолма-қол сауда жасауға мәжбүр болды. Сол күндері шамамыз келгенше 1 000 адамға 20 мың теңгеден таратып шықтық. Ондағы ойымыз, тұрғындар ең болмаса негізгі қажетті азық-түліктерін алсын деген ниет еді. Оған қоса, қаңтардың 5-і мен 8-і күндері аралығында Алматы қаласы ІІД қызметкерлерін тәулік бойы ыстық тамақпен қамтамасыз етуге атсалыстық. Сондай-ақ қалаға кіреберістегі барлық блок-бекеттерде тұрған әскери қызметкерлерге түскі және кешкі астарын жеткізіп бердік.

Осы күндері партия мүшесі ретінде «Nur Otan» партиясының қалалық филиалына өтініш білдірген тұрмысы төмен бірнеше отбасына азық-түлік себетін таратып шықтық. Біз мұны ешқандай мақтаныш немесе жарнама үшін емес, азаматтық борышымыз деп атқардық.

– Жоғарыда қаржылай көмектен басқа да көмек қолын созғандарыңызды айтып қалдыңыз. Ол қандай көмек?

Бауыржан Қайыңбаев: – Сол күндері арнайы күзет жасақтарын ұйымдастырып, қалада үйлерінде жалғыз қалып қойған қарт кісілерді қорғап шықтық. Жалпы, 35 пәтерді күзету үшін өзіміздің туыс інілерімізге өтініш жасадық. Кейбірінің үйіне қарындастарымызды уақытша күтуші ретінде қойдық. Ел іші дүрлігіп жатқанда ұры-қарылар да қоғамдағы әлеуметтік әлсіз топтарды, карттарды торитыны белгілі. Ал оларды қорғау керек еді. Сондықтан мұның барлығын жалғызбасты карттарымыз үрейленбеуі үшін жасадық.

– Бұған дейін де түрлі қайырымдылық шараларына белсене атсалысып жүрдіңіздер. Қалталарыңыздағы қаржыны санағандай болмайын. Десек те, өзгелерге ой салу мақсатында сұрағым келіп отыр. Жалпы, егер құпия болмаса, біржылдық қайырымдылыққа жұмсайтын қаражат көлемі қанша?

Сабыржан Зайнутдинов: – Көбіне мұндай ақпаратты жариялай бермейміз. Оның бірнеше себебі бар. Дегенмен сіз өзгелерге ой салу мақсатында деп сұрап отырған соң айта кетейін. Бір жылда шамамен қайырымдылыққа 65-70 миллион теңге жұмсаймыз. Жасыратыны жоқ, соңғы екі жылда әлемді жайлаған COVID-19 індеті кезінде түрлі карантин шектеулері себебінен бизнес біршама тұралап қалды. Сол сәттерде біздің қайырымдылық көмегіміздің де көлемі азайғаны рас. Бірақ қай уақытта да қиналған жанға қолымыздан келгенше көмек беруге тырысамыз. Түк таппасақ, жақсы сөзімізді айтып, жұбатып шығарып саламыз. Кейде мәселесі нақты шешілетін жерге жол сілтейміз. Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадисінде айтады: «Қолыңнан ештеңе келмесе, ең болмаса жылы жүзбен күліп амандас. Соның өзі садақа», – деп.

– Кәсіпкерлердің алдына келген адам көбіне материалдық, ақшалай көмек сұрап келетіні рас. Қанша жерден кәсіпкер болсаңыздар да, кейде бір ыңғайы келмей қалатын жағдай болып жатады. Сондай бір мұқтаж болып келген адамға көмек қолын соза алмай қалатын жағдай жиі болып тұра ма?

Бауыржан Қайыңбаев: – Дұрыс айтасыз. Қанша жерден табысы бар кәсіпкер болғанымызбен, бізде белгілі бір себептермен ыңғайы келмей қалатын сәттер болады. Өйткені адамның айтқаны емес, құдайдың дегені болады. Бірақ сондай кезде өзімізді кінәлі адамша сезініп, Сабыржан екеуміз жанымызды қоярға жер таппай кететін сәттер болады. Ондай кезде мұқтаж жанға шамалы уақыт күте тұруын айтып, жұбатып шығарып саламыз. Дегенмени осы уақытқа дейін жабығып, жәрдем сұрап келген жандарды құр қол қайтарған кезіміз жоқ. Өз басым адамның ең алдымен өзгеге көмектессем деген ниеті болуы керек деп ойлаймын. Ол адамның бай-кедей болуы маңызды емес. Жәрдем беремін деген ниеті мен әрекеті болса, қалғанын құдай өзі реттеп береді. Оған біздің осы күнге дейінгі тәжірибемізде талай рет көзіміз жетті.

– Жалпы, қайырымдылық – сауапты іс. Дегенмен сіздерден де бай, бірақ артық шығын шығармайтын адамдарды білеміз. Қазақы танымға салсақ, «Шық бермес Шығайбайлар» аз емес. Жалпы, қайырымдылық өзі жүре келе пайда болатын нәрсе ме, әлде тәрбиеден бе?

Сабыржан Зайнутдинов: – Қазақта «уызына жарымаған» деген сөз бар. Осы сөздің астарында терең мағыналы тәрбие бар деп ойлаймын. Жоғарыда сіз мысалға келтірген Шығайбайлардың көбісін осындай топқа жатқызар едім. Көбіне адал еңбегімен емес, түрлі көлденең «табыстармен» байыған адамдар өте сараң келетінін көріп жүрміз. Ондайлар қолындағысынан бір тиын артық шықса кедейленіп қаламын деп ойлайды. Олар үшін кедейленіп қалу деген дүниенің соңы сияқты фобияда өмір сүреді.

Өзім әке-шешемнің тұңғышы болғандықтан, көбіне атамның тәрбиесінде өстім. Сол кісі «Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді, жақсылық көрсең де, жамандық көрсең де сабыр ете біл», – дегенді жиі айтып отыратын. Ол кісі «Құдай біреуге байлық береді, бірақ кілтін аспанға іліп қояды екен. Құдай сондай байлықтан сақтасын», – дегенді аузынан тастамайтын. Сол сөздер санамызда бала кезімізден жатталып қалған. Көп қазақ, әсіресе ауылды жерде өскен жігіттер осындай тәрбие көріп өсті. Сондықтан қайырымдылық пен мейірім және жомарттық деген нәрсе ұлттық тәрбиенің негізгі ұстындарының бірі деп ойлаймын.

– Туған ауылдарыңызға жиі барып тұрасыздар ма? Ауылдағы ағайынға да көмек қолын созасыздар ма?

Сабыржан Зайнутдинов: – Иә, әрине ауыл деген әр қазақтың жүрегінде тұрады. Екеуміз де ауылға жиі барып тұратын қазақтардың қатарынанбыз. Бауыржанның туған ауылы – осы Алматы облысының Ұйғыр ауданы. Мен Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының тумасымын. Алыс-жақындығына қарамастан, жылына кемі үш-төрт рет туған жерге ат басын тіреп тұрамыз.

Екеуміз де соңғы 5-6 жылда әр үш ай сайын туған ауданымыздағы жағдайы төмен 100 отбасына тұрақты түрде көмек беріп тұруды дәстүрге айналдырғанбыз. Міндетті түрде әр барған сайын 3 немесе 4 ірі қара малды сойып, етін таратамыз. Басқа да азық-түлік секілді қажеттіліктеріне көмектесеміз. Бірнеше үйге қысқа қарай қажетті көмірін түсіріп беруге қаржы бөлеміз. Ауыл – қазақтың алтын тамыры. Одан ажырап қалуға болмайды деп ойлаймын. Осы орайда Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығын көтеру туралы бастамаларын қолдаймыз. Әсіресе, 11 қаңтар күнгі халыққа жолдаған үндеуінде шетелден кіретін автомобильдерден утильалым мәселесін түбегейлі шешуді Үкіметке тапсырды. Сол тапсырмаға сәйкес, тиісті орындар ауыл шаруашылығына қажетті техникаларға алынатын утильалымды барынша жеңілдетудің амалын қарастыруда. Сондай-ақ ол кісі ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтарға берілетін субсидия мәселесін де оңтайландыруды баса айтты. Президенттің «Жаңа Қазақстан» құрамыз деген идеясын әрқайсысымыз ол кәсіпкер немесе қарапайым мұғалім, тағы да басқа болсын қуана қолдап, өз шамашарқымызша үлес қосуымыз керек деп санаймын.

– Соңғы сауал болсын. Алматылықтар, жалпы ел азаматтары болсын, қаңтардың басындағы қырғын кезінде, одан кейін де біраз адамды түрлі ойға жетелегені шындық. Оқырмандарға ел азаматтары ретінде сұхбат соңында не айтасыздар?

Бауыржан Қайыңбаев: – Қалай болғанда да сол күндерде халқымыз сын сағаттарды басынан өткерді. Құдайдан ол күндердің қайта келмеуін тілейміз. Ел басына күн туған сәтте халыққа үлкен сенім беріп, тірек болған Президентімізге ризамыз. Бізді ол күндерден елдің ауызбіршілігі мен мейірім және адамгершілік алып шықты деп санаймын.

Сабыржан Зайнутдинов: – Шыққан шығын болса, орны толар. Бүлінген дүние қалпына келер. Ең бастысы, сол күндерде ел іргесі сөгілмегеніне қуанамыз.

– Әңгімелеріңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы қаласы

Төлебиде тау шаңғысы барын білесіз бе?

(Басы 1-бетте)

ТУРИЗМІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНЕ ҚАРАЙДЫ

Осынау демалыс орындары дамыған өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын туризмнен түскен табыс-ақ жақсартып тастауы керек еді. Бір кездері өңір басшылары осы жоспарға сеніп, бюджеттен қыруар қаржы бөлдіріп, осынау тау шаңғы базасын салған. Ендеше неге бұл жердің әлі күнге дейін көсегесі көгермей келеді? Жалпы, Төлебиде осындай тау шаңғысы бар екенін жұрт біле ме? Жарнамасы қалай? Насихаты бар ма? Өкінішке қарай, салынғанына 20 жылға жуықтаған базаның барын білмейтіндер неге көп? Шынында да, шаңғы базасының насихаты жоқтың қасы. Іздей қалсаңыз, қажетті ақпаратты таппайсыз. Жұрт мұндағы қызмет түрі мен ақысын таныс-тамырлар арқылы ғана сұрастырып біледі.

Алайда Төлеби ауданы – әлі күнге дейін облыстық бюджетке мойын созып отырған дотациялы аймақ. Тау шаңғысынан бөлек, жазғы демалыс аймақтары, киелі орындары молынан саналатын ауданда туризмді қалай дамытса да жарасады. Өкініштісі, бір туризмнен ғана мол қаржы табуға мүмкіндігі мол ауданда тіпті арнайы бөлім де жоқ. Бір кездері спорт бөлімінде қосақталып жүретін туризм бүгінде кәсіпкерлік салаға еніп, ауыл шаруашылығы бөліміне жүктеліпті. Ал бөлімдегі осы салаға жауапты маман Омар Жаңқалов тау шаңғы базасы туралы ешнәрсе айта алмайтынын, барлық мәлімет облыста екенін айтып, ат-тонын ала қашты. Жыл сайын аймаққа қанша турист келіп жатқанын да, одан мемлекетке түсіп жатқан табысты да білмейтінін жеткізді. Аталған мәліметтерді Кірістер және облыстық туризм басқармасынан, статистикадан алуымызды бағыттады. «Шаңғы базасы 2015 жылы «Тау самалына» облыс есебінен жалға берілген. Иесі солар. Нақтысын облыстан сұрау керек» деген жауаптан ары аса алмады. Осы жауаптан кейін-ақ, ауданның туризмге бас ауыртпайтынын, өз территориясында

Назгүл НАЗАРБЕК (фото)

орналасқан нысандарға аса көңіл бөлінбейтіні білініп тұр. Оны тау шаңғы базасына барар жолдың қардан тазаланбайтынынан, жалпы сырттан келушілерге қызмет көрсету сапасының төмендігінен білуге болады.

Біздің ойымызша, жергілікті билік демалыс аймақтарының барлығы жекенің меншігінде, келушілерге өздері жағдай жасасын дейтін сияқты. Тіпті, тау шаңғысы туралы, қызмет түрінің ақпараты да жоқ. Әкімдік сайтына арнайы бөлім ашып, келушілерге қызмет түрлерін ұсынып отырса да, жарасар еді. Алайда әкімнің ең басты міндеті инвестиция тарту екенін ескерсек, дәл мынадай көзқараспен туризм дамиды дегенге сену қиын.

«АЛАТАУ» ТАУ ШАҢҒЫ БАЗАСЫ 65 МИЛЛИОНҒА САТЫЛҒАН

Қош, сонымен Тау шаңғы базасының бүгінгі иесі кәсіпкер, Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Рәшкүл Оспанәлиева екенін білдік. Оспанәлиеваны көпшілік жол құрылысын жүргізуші «Береке-А» корпорациясы арқылы жақсы таниды. Кәсіпкер шаңғы базасының жанынан «Тау самалы» демалыс аймағын салған. 2009 жылы сол аумақты дамыту үшін аудан әкімі Оспанәлиеваға 30 сотық жер берген екен. Жанындағы қалған аумақтарды біртіндеп жеке кәсіпкерлерден сатып алыпты. «Өзіміз құрылыс компаниясы болған соң техникамыз, мамандарымыз да бар. Барлығын өзіміз салдық. Шаңғы базасында қалған өзі жалғыз бугель еді ғой. Облысқа Асқар Мырзахметов әкім болып отырғанда бугелдің 3-4 жылдан бері әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясында екенін, алайда жыл сайын қарызбен шығатынын, қанша әрекет жасаса да, ешқандай жұмыс істете алмай отырғанын айтты. Сөйтіп, маған сатып алуға ұсыныс жасады. Осылайша аукцион арқылы бугель мен ақ үйді 65 миллион теңгеге сатып алдым. Алайда кейін олардың электр энергиясы, жұмысшылардың жалақысы сияқты жалпы 12 миллион теңге қарызы бар екен. Барлығынан құтылып, жұмысқа кірістік», – дейді Рәшкүл Жәлелқызы.

Айта кетейік, Оспанәлиеваның жолдасы Әлішер Толыбаев та жұбайымен бірге кәсіпкерлікті бірге атқарып жүрген жан болған. Осыдан 4 жыл бұрын марқұм болып кетті. Депутат жолдасымен бірге Швециядан 5 жылдан кейін жарамсыз есебінде алынып тастайтын аспалы орындықты сатып әкелгенін айтады. Кабелдерін орнату үшін жердің геологиясын анықтайтын елімізде маман табылмағаны өкінішті дейді кәсіпкер. Ресейден маман алдырып оны құрастырыпты. 2010 жылдан бері бірнеше коттедж салып, осы уақытқа дейін дизель отынымен, электр энергиясымен жылытылып жүрген коттеджде былтырдан бері табиғи газға ауысқан. Оған да 60 миллион теңге жұмсалыпты. Жалпы, орталықтан шалғай жатқан аймаққа бірқатар инфрақұрылым жұмыстарын кәсіпкердің өзі істегенін, осындай жұмыстар үшін Даму қолдау қоры арқылы 250 млн несие алғанын да атап өтті. Өкінішке қарай, 2-3 жыл бойы денсаулығы сыр беріп жүрген жұбайы 2018 жылы өмірден озған соң, «Тау самалы» демалыс аймағына жасаймыз деп жоспарлаған талай жұмысының тоқтап қалғанын жасырмады. «Емдеу-сауықтыру орталығын құрамыз» деп салған 7 қабатты ғимараттың да құрылысы салынған күйі тоқтап қалды. Кейде ол жерді спорт кешеніне айналдырсам ба деген ой да келеді. Әзірге шаңғы базасының жұмысын жүргізуді бір жігіттерге жүктеп қойдым», – дейді демалыс орнының иесі.

Кәсіпкер салықты жергілікті бюджетке төлейтінін, алайда маусымдық жұмыс болған соң мардымды табыс болмайтынын айтады. Жеке кәсіпкерлік ретінде тіркелген мекеме салықты 6 айда бір рет төлейді. Алайда 30 шақты адамды жұмыспен қамтып отырған соң маусымдық жұмысқа қарамастан оларға төленетін жалақы, аумақты күтіп-баптап ұстап отыру жұмыстарына кететін шығынды есептегенде түсетін табыстың аздығына орай салық та аз құйылады.

Онсызда қысы қысқа өңірде биыл қар тіптен болған жоқ. Соңғы аптада ғана жерге қар түсіп, шаңғы базасына ағылушылар легі көбейіп тұр. Жасанды қардың өзі біздің өңірдің ауа райына сәйкес келмей жатқан. Әзірге келушілерге аспалы жолға мініп, табиғатты биіктен тамашалау және шаңғы тебу қызмет түрі ғана көрсетіледі. Шанамен сырғанауға мұнда мүмкіндік жоқ. Қызмет көрсету сапасы да жақсы жолға қойылмаған. Тазаланбаған жолдан өте алмаған талай көлік кері қайтуға мәжбүр. Соған қарамастан қарды сағынып қалған жұрт көлігін бірнеше метр жолға қалдырып, жаяулатып шығып жатыр. Ал жергілікті билікке екі қойыңыз бір сом. Территориясында не болып жатқанынан хабары да жоқ...

ТАҒЫ БІР ШАҢҒЫ БАЗАСЫ САЛЫНБАҚ

Облыстық Туризм басқармасының мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың 9 айында Төлеби ауданына 31 886 турист келіп, оларға жасалған қызметтен 593 млн теңге табыс түскен. Бұл туралы басқарма қызметкері Нұрдәулет Медеуов атап өтті. Одан бөлек, Төлеби ауданында республикалық маңызы бар жобалардың бірі болып саналатын «Қасқасу» туристік-рекреациялық жобасының инженерлік-инфрақұрылымдық құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. «Әлемдік деңгейде қызмет көрсететін жаңа тау-шаңғы базасын іске асыру бойынша әлеуетті инвесторлармен тиісті жұмыстар жүргізілуде», – дейді басқарма қызметкері.

Бұл жобаны жүзеге асыру мақсатында 2021 жылға инженерлік инфрақұрылым жүргізу үшін облыстық бюджеттен 2,9 млрд теңге қаржы қарастырылып, құрылыс жұмыстары басталған. Жалпы, инженерлік-коммуникациялық жүйелер үшін республикалық қазынадан 2011 жылдан бері қаржы беріліп келеді. Күніне 4 000-ға жуық адам келетін, 2 000-ға жуық шаңғышы бір мезетте шаңғы тебетін демалыс, әрі саяхат кешені алыс-жақын шетелдіктерді де қызықтырады деп жоспарлап отыр билік өкілдері. Әрине, мемлекеттен қыруар қаржы бөлініп жатқан соң, алып құрылыс та басталар. Бірақ соңы ертегіге айналып, «Алатау» шаңғы базасы сияқты соңы сиырқұйымшықтанып, күтіп ұстап отыру қиын деген желеумен жекеге сатылып, талан-тараж болып кетпесе игі деп отырмыз. Себебі кезінде осынау шаңғы базасы салынар кезде де осындай ірі-ірі жобалар, жоспарлар жоғары жаққа кеткен болатын...

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

NEET-жастардың қатары көп

Алдын ала келісіп немесе біреуге тапсырып қоймаса, жастардың диплом алған бетте жұмысқа тұрып кетемін деуі – қиын шаруа. Ақшасы жақсы, мәртебелі деген жұмыс орындарына еңбек өтілінсіз өту қиын. Соңында әлеуметтік аударымдар жасамайтын, ақысын күнбе-күн немесе аптасына бір төлейтін жұмыстар қалады. Еріксіз істейді. Сонда жастар өздеріне арналған «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» сияқты жобалардың бар екенін білмегені ме, әлде оларды қызықтырмай ма? Қарағанды облысында NEET-жастар қатары көбейген.

2013 жылдан бері жұмыспен қамтылмаған жастар проблемасы көтеріліп келеді. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 14 742 жас жұмысқа орналасты. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы да табысты жүзеге асырылып жатыр. Кәсіпкерлікті дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша бес жүзден астам жас оқуға жіберілген, 489 грант бөлінген, – дейді облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Аида Ысқақова.

Өздігінен кәсіп ашамын дегендерге қаржы бөлініп жатыр. Бірақ оны дұрыс пайланбайтындар да бар. Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Біржан Әлімжанов «күнделікті күнелтуге жететін қаражатын болмаса, жаһандық проблеманың өзі түкке тұрғысыз болып қалады» дейді. Оның дәлелі – жастардың жұмыссыздық деңгейі бойынша Қарағанды, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан кейін үшінші орында тұруында. Біржан Нұрланұлы көрсеткен проблеманы шешудің бірден-бір жолы – орта тапты қалыптастыру.

– Бүгінде жастардың бизнеске деген қызығушылығы жоғары. Облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің бастамасымен бірнеше жыл қатарынан гранттық қолдау көрсетіліп келеді. Өткен жылы бюджеттен бөлінген грант 260 млн теңге болса, оның 100 млн теңгесі әкімнің гранты, қалғаны аудан және қала әкімдері бөлген грант. Биыл грант көлемі 2 млн теңгеге дейін көтерілді. Бірақ осы бөлінген гранттардың әлеуметтік әсері қандай деген сұрақ туындайды. Жастардың дені бұл қаражатты ақшалай көмек ретінде қарастырады. Грант кәсіп ашып, жұмыс орындарын құру үшін, өз ауданына пайдасын келтіру үшін беріледі. Көп жағдайда бұл ақша несие жабуға, көлік алуға және тағы да басқа мақсаттар үшін жұмсалып кеткен фактілер де бар. Осындай масылдықты түбегейлі жою керек, – дейді Біржан Әлімжанов.

Жұмыссыздыққа қатысты Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы биыл Президент тапсырмасы бойынша «Еңбек» бағдарламасы арқылы жұмысқа тартылатын жастардың жалақысы 30 АЕК, яғни 90 мың теңгеге дейін көтерілгенін айтады. Бірақ жастар бұл бағдарламалар туралы біле бермейді.

Одан бөлек, биыл облысымызда «Жасыл ел» бағдарламасына қаржы бөлмеген өңірлер де бар. Тіпті, жастарды тұрғын үймен қамтуда міндеттеме алғанымен, Ақтоғай, Осакаров, Ұлытау аудандарында бірде-бір пәтер ұсынылмаған.

ӨЗ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТАБА АЛМАЙДЫ

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен 2018 жылдан бері жоғары оқу орындары түлектерінің жұмысқа орналасуы жайында зерттеу жүргізіп келеді. Зерттеу басталған жылы түлектердің 60%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмаған. «68 жоғары оқу орны түлектерінің жұмысқа орналасуы 50%-дан төмен. 92 мамандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші орта есеппен 67,4%. Түлектердің жұмысқа орналаса алмауының басты себебі жұмыс берушілердің жас мамандарды даярлау сапасына қанағаттанбауынан», – деп көрсетеді сарапшылар.

2020 жылы да осы жағдай қайталанды, зерттеушілердің пайымынша, жұмыс берушілердің түлектердің білім, білігіне көңілі толмайды. Өзі тәжірибесіз, оның үстіне, білімі таяз болса, ондай жасты жұмысқа кім алады? Мұндайда «Жастар тәжірибесі» немесе «Алғашқы жұмыс орны» ең тиімдісі сияқты. Мамандық бойынша жұмыс істеп, аз-кем тәжірибе жинақтайды. Еңбегінің ақысын да алады. Алайда, тәжірибе уақыты аяқталған соң тұрақты жұмысқа қалуы екіталай. Олай дейтініміз, аталған бағдарламалар жарты жылға ғана есептелген. Одан кейін жұмыс берушіде бос жұмыс орны болса жақсы, болмаса, қайтадан жұмыссыздар қатарына қосылады.

Бағдарламалар жастар үшін тартымды бола түсер. Дегенмен таңертеңнен кешке дейін бір ай отырып, 90 мың теңге тапқанша жеңіл жолмен көбірек тапқысы келетін жас та көбейді.

«Jas Otan» Жастар қанатының төрағасы Ержан Хамитов:

– Облыс жастарының 9,9%-ы NEET санатына жатады. Бұл қайта 2,1%-ға азайғаны. Ресми дерек бойынша аймақтағы 261 мың жастың 4,3%-ы жұмыссыз. Жұмыс бар негізі, бірақ көпшілігі ұсынған жұмысты істегісі келмейді. Кейбіреуі үйде отырып табыс табамын дейді, таксист болады, – дейді.

БАҒДАРЛАМАЛАР НӘТИЖЕСІ ҚАЙДА?

«Жастар практикасына», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобасынан бөлек «Жасыл ел», «Дипломмен – ауылға» бағдарламалары болса да, жастар арасындағы жұмыссыздық азаяр емес. Неге? Бақсақ, мәселе түпкі мақсаттың дұрыс еместігінде сияқты.

Жыл сайын пәленбай адамды мында, түгенбайды анда жібердік дейтін статистикалық сандардың түпкілікті нәтижесі тұрақты жұмысқа орналастыру болуы керек емес пе? Бірақ біз түлектің тұрақты жұмыспен қамтылуын емес, тек тәжірибеден өту индикаторын ғана есепке аламыз. Мемлекет бағдарламаға қаражат бөлді, мынша адам қатысып, ол игерілді. Тіпті, асырып орындалды дейміз. Сонымен жылды жабамыз.

Жұмыс іздеуге шорқақтығымыз, сонымен қатар жеңіліне жүгіретініміз тағы бар. 50-60 мың теңге айлыққа «күзет» деген жазуы бар форманы киіп жүруден арланбаймыз.

ІЗДЕГЕНГЕ ЖҰМЫС БАР

Жұмыс іздеген адамға мамандық жетерлік. Бір ғана «Еңбек» электронды биржасында еліміз бойынша 98 123 бос жұмыс орнына шақыру болса, оның 5 635-і Қарағанды облысына тиесілі. Мысалы, Қарағанды қаласындағы Maker ЖШС-KLMZ басқарма басшысы Жәнібек Байғабеловпен сөйлескенімізде өндіріске жаңа жұмыскерлер керек екенін айтқан болатын. Алып компанияға жүздеген маман керек. Бірақ құлшынып тұрған жастар аз. Өйткені қазіргі уақытта автоматтандырылған станоктарда тұратын маман қат.

Аймақта биыл бірнеше жоба қолға алынып, жастарды жұмыспен қамтымақ. Бұл бағдарламалар іске асып жатса да, жұмыссыздар саны азаймасы анық. Өйткені Қазақстан жұмыссыздық деңгейі бойынша Еуразия экономикалық одақ елдері ішінде алдыңғы қатарда тұр. ЕАЭО комиссиясының статистикасына сүйенсек, республикада жұмыспен қамту орталығына тіркелгендер саны бір жылда, яғни 2020 жылдың тамызынан 2021 жылдың тамызына дейін 1,6%-ға өсіп, жұмыссыздар қатары 222,6 мың адамға жеткен. Осыған қарап, өзіңіз қорытынды жасай берсеңіз де болады...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Тараз қаласы кезінде тентектерімен аты шыққан шаһар. Сонау 90-жылдардың тұсында қала көлемінде қылмыс өршіп, рэкеттердің билік құрғаны жасырын емес. Алайда кейін келе тентектерге «тұсау» салынып, бандиттер бірінен кейін бірі темір торға қамалды. Алайда жасөспірімдер арасындағы қылмыс әлі күнге азаймай тұр. Әсіресе, мектеп оқушылары арасында бопсалау, тонау, адам өлтіру мен жыныстық сипаттағы қылмыстар өршіп тұрса, бұған не дерсің?

Тараздағы тентектер

12 АЙДА 50 ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛГЕН

Жуырда Тараз қаласының әкімі Ержан Жылқыбаев мектеп директорларының басын қосып, осы мәселені майшаммен қарады. Қала әкімдігінің білім бөлімі басшысының орынбасары Дүрия Тоғатаеваның жиында келтірген деректеріне көз салсаң, санаң сан саққа жүгіреді.

Мәселен, бүгінде қаладағы 59 жалпы білім беретін мектепте 75 905 бала оқып жатыр десек, 56 жайсыз отбасында 127 бала тәрбиеленіп жатыр. Ал ата-анасы туыстарына қалдырған, сенімхатпен тұрып жатқан оқушылардың саны – 479. Сондай-ақ жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 467 бала бар. Толық емес отбасында тұратын 8 449 оқушы тіркеуде тұр.

«Бала бақылауда» жобасы бойынша қашықтан оқыту кезінде 2 322 бала сырттай бақылауға алынса, оқу жылының бірінші жартыжылдығында отбасында зорлық-зомбылық, ұрлық, төбелес және жыныстық сипаттағы 12 жағдайдың алдын алған. Алайда сақтық шараларына қарамастан кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтар әлі күнге бар. Бүгінде 2 930 кәмелетке толмаған жасөспірім түрлі әкімшілік құқықбұзушылық жасаса, соңғы 12 ай ішінде жасөспірімдер жасаған 50 қылмыс дерегі тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 34,2 пайызға кемігенімен, оқушылардың қатысуымен 4 ұрлық, 2 адам өлтіру және 1 алаяқтық дерегі болған. Сондай-ақ өткен жылы мектеп оқушыларына қатысты жыныстық сипаттағы 6 ауыр қылмыс тіркеліп отыр.

Бұдан бөлек, полиция бөлімдерінің есебіне алынған оқушылар саны 37-ден 49-ға өскен. Осыған байланысты 3 мектеп басшысына, 13 директордың орынбасарына, 13 психолог және 26 сынып жетекшіге тәртіптік шара қолданылған.

262 БАЛА БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫНА ЖЕТКІЗІЛІП, 52 АЗАМАТ АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН

Байқап тұрсаңыздар, оқушылар қылмысы жаға ұстатады. Ал Тараз қалалық Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі берген ақпаратқа сүйенсек, түрлі рейдтік шаралар барысында әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін полиция бөліміне 2 930 бала жеткізілген екен. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 262 жасөспірім орналастырылған. Өткен жылдың 12 айында 3 918 бала әкімшілік жауапкершілікке тартылса, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 507 дерекке артқанын айғақтап тұр. Сондай-ақ мектеп жасындағы оқушылардың беймезгіл уақытта жүруі 2020 жылмен салыстырғанда 200 дерекке өскен. Нәтижесінде, баласын қараусыз қалдырған 50 заңды өкілге сотпен айыппұл салынған. Бұдан бөлек 52 азамат ата-ана құқығынан айырылып, арнайы мектепке 18 жасөспірім орналастырылған.

Оқушыларының ең көп қылмысы №18,56,46,11,38,28 және кешкі мектепте болса, арнаулы орта оқу орындары арасында «Тараз-Ғасыр», «Жамбыл индустриалды техникалық колледжі», «Жамбыл политехникалық колледжі», «Парасат», «Жамбыл жоғары медициналық колледжі», «Білім», «Теміржол», «Қайнар» сынды колледждер жасөспірімдерге тиісті деңгейде тәрбие бере алмаған.

P.S.

Әрине, жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу бағытында жұмыстар жасалмай жатыр деуден аулақпыз. Мектеп директорларымен өткен басқосуда қала әкімі Ержан Жылқыбаев кешегі «қаңтар оқиғасында» кәмелеттік жасқа толмаған балалардың бұзақылық жасап, қамауға алынып жатқаны ата-ана мен мектеп қабырғасындағы тәрбие жұмыстарының әлсіздігі екенін баса айтып, мектеп инспекторлары мен психологтер жұмысын күшейтуді тапсырды. Осы талапты тапсырманың өзі көп нәрсені аңғартатындай. Сондықтан қылмыс деңгейі төмендеді деп сүйіншілегенше, бұл мәселеге жауапты мекемелер, ата-ана мен мектеп баса мән беріп, бақылау, қадағалау жұмыстарын жіті қолға алғандары абзал.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Премьер-лига наурызда басталады

Еліміздегі футболдан Премьер-лига командалары арасындағы биылғы біріншілік 5 наурызда басталады.

Қазақстан кәсіпқой футбол лигасы мәліметінше, алғашқы турда «Каспий» (Ақтау) мен «Қызылжар», «Тұран» (Түркістан) мен «Тараз», «Атырау» мен «Ақсу» (Павлодар облысы), «Астана» (Нұр-Сұлтан) мен «Шахтер» (Қарағанды), «Ордабасы» (Шымкент) мен «Мақтаарал» (Түркістан облысы) командалары кездеседі. Еске салсақ, футболдан Қазақстан суперкубогы 2 наурызда елордада «Астана Арена» стадионында өткізіледі. Суперкубокта қостанайлық «Тобыл» мен кубок иегері алматылық «Қайрат» сарапқа салады.

Ракпаров та жүлдесіз қалды

Бейжің Олимпиадасында ерлер арасында шаңғы қоссайысынан мықтылар анықталды.

Өкінішке қарай, шаңғы қоссайысының екінші кезеңінде гундерсен жүйесі бойынша сынға түскен отандасымыз Шыңғыс Ракпаров мәре сызығын жеңімпазға 7:35,2 есебімен есе жіберіп, мәре сызығын қырық үшінші болып кесті. Бұл сайыста норвегиялық Йорген Нюландтың бағы жанды. Күміс жүлде де Йоргеннің отандасы Йенс Лурос Офтебруға бұйырды. Үздік үштікті жапон спортшысы Акито Ватабе түйіндеді.

Айта кету керек, жарыстың бірінші бөлігіндегі К-125 үлкен трамплинмен секіру сайысында Шыңғыс Рақпаров 69,6 ұпаймен 38-орынға табан тіреген.

Финалға өте алмады

Бейжіндегі Ақ Олимпиада ойындарында бүгін фристайл-акробатикасынан ерлер арасындағы іріктеу сыны мәресіне жетті. Дүбірлі додада ел намысын қорғаған Шерзод Хаширбаев финалдық кезеңге жетпей сүрінді.

Ол екінші мүмкіндігінде трамплиннен секіріп, қайта жерге түсу сәтінде тепе-теңдігін сақтай алмай құлады. Бұл жаттығуда төрешілер оған 69,23 ғана ұпай берді.

Хаширбаев бірінші іріктеу кезеңінде 109,74 ұпай жинаған. Фристайл акробатика үздіктері бүгінгі ақтық сында белгілі болады.

Дайындаған Ш.КҮЗЕКБАЙ

Қазақ футболын басқаруға КІМ ЛАЙЫҚ?

Көктемде ел футболын үлкен өзгеріс күтіп тұр. Нақтырақ айтсақ, ақпан айының соңында жасырын дауыс беру арқылы ҚФФ-ның жаңа президенті сайланады.

Абылайхан ЖҰМАШ

Осыдан бір апта бұрын ҚФФ мүшелері арасынан үміткерлерді ұсынуға өтінім беру мерзімі аяқталған. Келіп түскен барлық құжат Сайлау комитетінің қарауына берілді. 10 ақпан күні комитет отырысында ҚФФ президенті лауазымына сайлауға қатысу үшін кандидаттар тіркелді. Осы ретте Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Азамат Айтқожин Қазақстан футбол федерациясының президенті лауазымына сайлау қалай өтетінін айтты.

– Сайлауда жеңіске жету үшін кандидат көп дауыс жинауы керек. Егер үміткерлердің бірдебірі дауыс берудің бірінші турында қажетті дауыс санын ала алмаса, екінші тур өтеді. Дауыс берудің екінші кезеңіне бірінші турда үздік шыққан екі үміткер қатысады. Екінші турда жеңіске жету үшін де дауыстың көптігі маңызды рөл атқарады, – деді Айтқожин.

Өңірлік федерациялардан бірқатар азамат кандидатурасын ұсынды. Оның арасында ҚФФ-ның қазіргі басшысы Әділбек Жақсыбеков те болды. Кейін ҚФФ тізгінін бұған дейін екі рет (2007 жылдан 2014 жылға дейін, сонымен қатар 2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін) ұстаған Жақсыбеков сайлауға түспейтінін хабарлады. ҚФФ президенті кандидатурасы сайлауға қатысудан бас тартуына байланысты тіркелмеді. Одан бөлек, Олжас Абраев та ҚФФ президенті сайлауына қатыспайтынын мәлімдеген болатын.

Біз осы бір маңызды науқан алдында сайлауға қатысатын бес үміткерге жеке-жеке тоқталып өтуді жөн көрдік.

Әділет БАРМЕНҚҰЛОВ
– ҚФФ Атқару комитетінің мүшесі, «Қазақстан футбол федерациясы» қауымдастығы» ЗТБ президентінің кеңесшісі.

Барменқұловты «Қарағанды футболының басты тұлғасы» деген қауесет ел футболында көптен бері айтылып жүр. ҚФФ президенттігіне үміткер азамат қазір «Шахтер» клубының директорлар кеңесін басқарады. Оның қайраткерлігінің арқасында клубта бірқатар мәселе шешімін тапқан. Әсіресе, спорттық инфрақұрылым, жасыл алаңды ФИФА талаптарына сай ету мәселелерін ерекше атап өтуге болады.

Ол бұл қызметке келсе, отандық футболдағы кешенді реформаларды қолға алмақшы. Оның ішінде мемлекеттік қаржыландырудан бас тарту мәселесі де бар. Сонымен қатар Барменқұлов футбол академияларын салу және бұқараға арналған футболды дамытуға бағытталған басқа да бастамаларды өз жоспарына енгізген.

Давид ЛОРИЯ
– Нұр-Сұлтан қаласының футбол федерациясы қауымдастығы ЗТБ президенті.

Ел футболына еңбегі сіңген экс-қақпашының ҚФФ президенттігіне үміткерлер арасында жүруі көпшілік үшін жаңалық бола қойған жоқ. Бір кездері Қазақстан ұлттық құрамасының қақпасын күзеткен, қазақстандық үздік клубтардың сапында өнер көрсеткен Лория спорттық мансабын аяқтағанымен, үлкен спорттан алыстай қоймады. Әлеуметтік желілерде де белсенділігімен көзге түсіп, отандық футболдың көшін ілгерілету туралы құнды пікірлерімен бөлісті. Өткен жылы «Астананың» бас директоры қызметін атқарған ол бүгінде елордалық футбол федерациясы қауымдастығын басқарып отыр. Сайлауға қатысты бірнеше күн бұрын Давид Лория Instagram-дағы парақшасында жазба жариялады. Онда ол ҚФФ басшылығына сайланса, ел футболының дамуына бар күшін салатынын жеткізген.

«Бір жыл бұрын мен ҚФФ президенттігіне үміткер боламын деп ойлаған жоқпын. Лауазымды орынға тағайындалуға тек қалталы адамдар ғана қатысатын шығар деп топшыладым. Бірақ көп өтпей бүкіл өмірін футболға арнаған адам ретінде менің де федерацияны басқаруға мүмкіндігім барын білдім», – деп жазды экс-қақпашы.

Қайрат ОРАЗБЕКОВ
– ҚФФ Атқару комитетінің мүшесі, «Қайрат» АФК президенті.

Ол көпшілікке «Қайрат» футзал клубының басшысы ретінде танымал. Бүгінде оның алматылық клуб үшін атқарған нәтижелі жұмысын отандастары мақтанышпен айтып жүр. 10 жылдан астам уақыт бойы UEFA әлемдік рейтингі үздіктерінің қатарына тұрақты түрде еніп келе жатқан еуропалық клубты құрды. «Қайрат» элитадағы орны арқылы Қазақстан футзалын әлемге танытты. Әлемнің ең үздік ойыншылары Алматыға қуана келетін болды, ал командадағы футболшылар әртүрлі рейтинг пен символдық құрамға үнемі кіріп жүр (бір ғана Игатаның өзі әлемнің бес дүркін үздік қақпашысы атанды. Жұлдызды қақпашы бұл жүлделердің барлығын алматылық клуб сапында жүріп жеңіп алды).

Қайрат Айтмолдаұлы көп жылдан бері қайырымдылықпен айналысып, балалар футзалына арналған инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударып келеді. Оразбеков спорт менеджері ретінде біліктілігін дәлелдеп, жетістікке жеткен тұлға. Ол алматылық клубты 26 жылдан астам уақыт бойы басқарып келеді. «Қайрат» клубын өзі құрып, үлкен күш пен қаржылық ресурстарды жұмсап қана қоймай, сонымен қатар еуропалық жоғары деңгейдегі спорттық қызметкер және менеджер ретінде орасан зор тәжірибе жинады.

Әлемдік футбол қауымдастығында ерекше құрметке ие Қайрат Оразбековтің футзалшылары әлемде үздіктер қатарында. Қазақстан құрамасы Еуропа чемпионатының медаліне қол жеткізіп, әлем чемпионатында мықты командалар төрттігіне енгені де тікелей осы басшының жұмысымен байланысты. Ендігі кезекте Қайрат Оразбеков Қазақстан футболына да өз үлесін қосуды мақсат тұтып отыр.

Берік ҚАНИЕВ
– ҚФФ Атқару комитетінің мүшесі, Lancaster Group Kazakhstan АҚ директорлар кеңесінің төрағасы.

«Жас қыран» футбол клубын құрып, жасөспірімдер футболын дамытқан кәсіпкер Берік Қаниевті көпшілік жақсы тани бермейді. Алайда оның еңбегін Алматы тұрғандары әлі күнге дейін мақтанышпен айтып жүр. Оңтүстік астанада футбол клубын құрып, жас жеткіншектердің спортпен айналысуына мүмкіндік сыйлаған кәсіпкер алдағы уақытта Қазақстан футбол федерациясының басшылығына келіп, ел футболының өркендеуіне үлес қосуға ниет танытуда. Осы ретте ҚФФ атқару комитетінің мүшесі Қаниевтің 2021 жылдың қазан айында Forbes Kazakhstan нұсқасы бойынша елдегі ең ықпалды 50 бизнесменнің қатарына енгенін де айта кеткен жөн.

«Бәріне қарамастан мен Қазақстанда футболды сақтап қалуға және дамытуға мүмкіндігіміз бар деп есептеймін. Әр аймақта инфрақұрылымды жасап, жақсарту, білім саласында да, футболда да бұқаралық балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту қажет», – деп жазды Қаниев Instagram-дағы жеке парақшасында.

Ерлан ЖАРЫЛҚАСЫНОВ
– Қазақстан әуеской футбол лигасы» ҚБ төрағасы.

Ол – Қазақстанда түрлі әлеуметтік жобада жұмыс істеген тәжірибелі маман. Сондай жобалардың бірін 2009 жылы құрды. Жарылқасынов құрған қоғамдық бірлестік қазір Қазақстан әуеской футбол лигасы мини-футбол және футзал жарыстарын ұйымдастыратын еліміздегі ең ірі құрылымның бірі саналады. Аталымыш спорттық ұйымның еліміздің барлық қаласында филиалдары бар. Бүгінде бір ғана Нұр-Сұлтан қаласының өзінде 80-нен аса әуеской клуб бар. Олардың әр ойынына кәсіби қазылар мен «ҚӘФЛ» арбитр мектебінде үйретуден өткен әуескойлар қызмет көрсетеді.

Ерлан Жарылқасыновтың Қазақстандағы бұқаралық футболды дамыту бойынша жасаған жобалары мен бағдарламалары өз нәтижесін беріп, ел мерейін тасытқанына көптің көзі жетті. Білікті маман алдағы сайлауға түсетін үміткер ретінде тіркелді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан футбол федерациясының басшылығына ұсынылған кандидаттардың барлығы да отандық спортқа еңбегі сіңген тәжірибелі мамандар. Ақпан айының 28-інде өтетін конференция кезінде осы азаматтардың ішінен жаңа басшы қызметке тағайындалады. Сайлау науқаны алдында үміткерлерге сәттілік тілейміз. Үгіт-насихат бағдарламалары аясында айтылған барлық ұсыныс нағыз ой талқысына айналып, отандық футболға пайдасын әкелгей. Басшылыққа кім келсе де, федерацияның жұмысын ретке келтіріп, ел футболын дағдарыстан шығара алуға еңбек сіңірсе болғаны.

30 жылда 20 театр ашылды

1991 жылы елімізде 20 жаңа театр ашылған. Қазір Қазақстанда ел аумағында 65 театр жұмыс істейді. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті Кинематография және театр өнері басқармасының бас сарапшысы Гүлнафис Мырзашева айтты.

Маманның айтуынша, қазақстандық өнер ұжымдары өз шеберлігін шете сахнасында да лайықты көрсеткен. «Үздік театр ұжымдарын анықтау мақсатында министрлік тарапынан жыл сайын республикалық, екі жылда бір рет халықаралық театр фестивальдары, сондай-ақ мамандардың шеберлігін шыңдау мақсатында мастер-кластар, практикумдар өткізіліп тұрады», – дейді маман.

2020 жылы Президент тапсырмасына сай, ерекше еңбек жағдайлары үшін мәдениет және архив қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына республикалық және жергілікті деңгейде тиісінше 50 пайыз және 35 пайыз мөлшерінде қосымша ақылар белгіленген.

Ш.АТЫХАНҰЛЫ

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4075
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Наима НҰРӘЛІ